AYALA

қамқорлық күші
сила заботы

Жылдық есеп

AYALA қайырымдылық қорының 2024 жылғы есебі

www.ayala.kz



AYALA ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ ЖӘНЕ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҮНДЕУІ

ҚЫМБАТТЫ ДОСТАР!

Бүкіл Қазақстан үшін сияқты AYALA қоры үшін де 2024 жыл үлкен сынақтар мен үлкен жеңістер жылы болды. Сіздердің, біздің құрметті серіктестеріміз бен пікірлестеріміздің арқасында біз **денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік көмекке 2 миллиардтан астам теңге жұмсай алдық.** Бұл қаражат апатты су тасқынынан зардап шеккен отбасыларға арналған жаңа үйлерге, перинаталдық орталықтар мен көпсалалы ауруханаларға арналған заманауи жабдықтарға, неонатологтардың біліміне, ең бастысы, мүгедектік пен өлім-жітімнен құтылған мыңдаған балалардың өміріне айналды.

Өткен жылдың ең ауқымды жобаларының бірі **су тасқыны салдарынан үйлері бұзылған отбасыларға қолдау көрсету болды. Қостанай облысында 78 отбасы облыс орталығында жаңа пәтерлерге ие болды,** мұнда олар осы заманғы жайлы баспанада өмір сүре бастады. Бұл қоныс тойы бақытты әрі тыныш болашаққа деген үміттің қайта оралуының символына айналды.

Алтынсарин ауылындағы мектептің ондаған балаларына Benevity, GlobalGiving және Tooba халықаралық қайырымдылық платформалары арқылы және SAMSUNG Electronics Kazakhstan компаниясының қатысуымен қаражат жиналды – бұл қолдау оқу жылына қажетті жүздеген тегін кеңсе керек жарақтарын қамтамасыз етті, сыныптарды жаңа интерактивті мониторлармен, ал спорт залдарды заманауи гимнастикалық құрылғылармен жарақтандырды.

Біз **«Әлемді көремін» атты флагмандық жобамызды** жалғастырдық, соның арқасында шала туған балалар мүгедек болмай, салауатты болашаққа мүмкіндік алады. **2024 жылы** қор Алматы, Ақтөбе, Атырау және Шымкент қалаларының Облыстық перинаталдық орталықтарына **4 ретиналды камера,** офтальмологиялық оталар үшін **2 заманауи лазер, 3 офтальмоскоп және 74 құты «Луцентис» препаратын берді.** Бір жыл ішінде **1600-ден астам сәби** осы жабдықпен тексеруден өтіп, неонаталдық офтальмологтар **133 баланың көру қабілетін сақтап қалды.** Атырау облысында - жобаның тарихында алғаш рет **шала туған балалардың ретинопатия салдарынан соқырлық жағдайы тіркелген жоқ,** себебі олар уақытылы және сапалы медициналық көмек алды. Бұл нәтижені біз өзіміздің қымбатты дәрігерлеріміз бен құрметті серіктестеріміз: - «Шеврон», **Halyk Bank, Almaty Marathon, «Теңізшевройл», «Industry Lux» және ORICA, «Шығыстүстімет» және KZF Service компанияларымен** және бұл жобаны күн сайын бокстардағы қайырмалдықтар арқылы, **HALYK және KASPI QR-кодтары арқылы қолдаған жүздеген мың қазақстандықтармен бірге бөлісеміз.**

«Әлемді көремін» жобасын іске асырудың 3 жылында (2022- 2024 жылдар аралығында) AYALA қоры әріптестерімен және қазақстандық офтальмолог дәрігерлермен бірге **шала туған балалардың** көру қабілеті бойынша **мүгедектігін нөлге дейін төмендетіп,** еліміздің перинаталдық орталықтарының жартысына жуығын қажетті диагностикалық жабдықтармен қамтамасыз ете алды, бұл жабдықтардың көмегімен ерте офтальмологиялық скринингтен **11 мыңнан астам жаңа туған балалар өтті. Ол үшін қор 522 миллион теңгеден астам қаражат тартты, 10 ретиналды камера, 6 лазерлік қондырғы, 16 офтальмоскоп табыстады.** Ал мемлекеттік медициналық орталықтарда жоба басталғанға дейін Қазақстанда болмаған неонаталдық офтальмологиялық қызмет жұмыс істей бастады.

«Феталдық хирургия» жобасында керемет серпіліс жасалды. Небәрі бір жыл ішінде «Шеврон» компаниясы мен GASENERGY ЖҚС желісінің қолдауымен Қазақстанда алғашқы мамандар пайда болды және балаларға туғанға дейін күрделі оталар жасауға жағдай жасалды. **Құрсақ ішіне жасалған 35 ота 30 сәбидің өмірін сақтап қалуға көмектесті.** Мен осы оталардың арқасында туған егіз қыздардың анасымен бірге біздің шараға келген күнін ешқашан ұмытпаймын. Олардың күлімсіреуі – AYALA қорының дұрыс бағытта бара жатқандығының ең жақсы дәлелі.

Біз, сапалы білім - денсаулық сақтау жүйесін Қазақстан халқы үшін барынша тиімді әрі қолжетімді етіп өзгерте алатынына сенеміз. Сондықтан да 2024 жылы AYALA қоры «AYALA

академиясы» жобасы аясында ауқымды білім беру форумдары мен шеберлік сыныптарын өткізді. **Еліміздің барлық өңірлерінен 2700-ден астам неонатолог, акушер, неонаталдық мейіргер, УДЗ-дәрігерлер** Канада, АҚШ, БАӘ, Австралия және Оңтүстік Кореяны қоса алғанда, **әлемнің 14 елінің** сарапшыларынан білім алды. Біз таңдаған формат – бұл дәрігерлерге алған білімдерін бірден қолдануға және балалар мен аналардың өмірі мен денсаулығын елден тыс жерде емес, Қазақстанда құтқаруға мүмкіндік беретін практикалық оқыту.

Осы жобалардың барлығын қор Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ана мен бала өлімін одан әрі азайту жөніндегі бастамаларын қолдау үшін және балалардың туылғаннан бастап мүгедектік жағдайларын азайту үшін іске асырады. **Біз 17 жыл ішінде AYALA қоры неонаталдық қызметті дамытуда мемлекеттің сенімді серіктесіне айналғанын мақтан тұтамыз.**

Біздің **15 жылдан астам** қызметіміздің тағы бір маңызды бағыты **«Кәсіптік бағдарлау»** жобасы болып қалуда, ол жасөспірімдерді болашақ мамандық таңдауына қолдау болып табылады. Оның ішінде жеті жыл бойы AYALA қоры Қазақстанда **Samsung Innovation Campus** әлеуметтік-білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесіп келеді. Ол оқушылар мен студенттерге IT саласында тегін сапалы білім алуға және ЖОО-да оқығанда мансабын бастауға бірегей мүмкіндік береді.

Samsung Innovation Campus сыныптары Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Талдықорған, Астана және Алматы қалаларында ашылды. Басқа өңірлердегі балалар үшін онлайн-формат қарастырылған. Жоба жұмыс істеген жылдары **мыңдаған оқушылар мен студенттер тегін оқудан өтті,** олардың 700-ден астамы курстарды сәтті аяқтап, сертификаттар алды, ал түлектер қазірдің өзінде тіпті шетелдік компанияларда жұмыс істеуде.

Кәсіптік бағдар беру саласындағы маңызды жоба **Solve for Tomorrow** конкурсы болды, оны AYALA қоры SAMSUNG-пен бірге Қазақстанның мектеп оқушылары үшін төртінші жыл қатарынан жүзеге асыруда. **2024 жылы ол еліміздің барлық өңірлерінен 2 500 астам баланы біріктірді.** Олар STEM саласындағы өзекті әлеуметтік мәселелердің инновациялық шешімдерін әзірледі. Astana IT University-де өткен финалда жас зерттеушілер мүгедектігі бар адамдарды қолдауға, ауыл шаруашылығын дамытуға және экологияны қорғауға арналған жобаларды ұсынды. 4 миллион теңгенің бас жүлдесін «KazRobotiX» - даланы игеруге арналған робот жобасымен BIL Astana лицей-интернатының командасы жеңіп алды. Біз SAMSUNG компаниясымен бірге мектеп оқушылары мен студенттерге болашаққа алғашқы қадамдарын жасауға, олардың білімге деген ұмтылысын қолдап, бір күні Қазақстанды, бәлкім, әлемді жақсарта түсетін батыл армандарға шабыттандыра алатынымызды мақтан тұтамыз.

Біздің кәсіптік бағдарлау бағытымыздың көпжылдық серіктесі **CUMMINS Kazakhstan компаниясы** болып табылады. 2024 жылы оның қолдауымен Қарағанды облысында қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларға арналған екі орталықтың тәрбиеленушілері үшін жылдық кәсіптік бағдарлау курстары бар 2 бағдарлама іске асырылды. 36 жасөспірім, соның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар CUMMINS жабдықтаған шеберханаларда білім алып, кондитерлік, мейрамхана ісі және тігін саласында практикалық дағдыларға ие болды. Сабақтар колледж оқытушылары мен кәсіби практиктер, сондай-ақ компания еріктілерінің қатысуымен өткізілді. Жасөспірімдер базалық құзыреттерді игеріп қана қоймай, күрделі тағамдар әзірледі, үстел әзірлеуді үйреніп, тұрмыстағы пайдалы бұйымдар мен қарапайым киімдерді пішу және тігу техникасын меңгерді. Оқу қорытындысы бойынша балалар сертификаттарға ие болды, олар одан әрі жұмысқа орналасу немесе бейіндік колледждерде оқуды жалғастыру кезінде қажет болады.

Мен Қазақстанның табысты дамуындағы басты қозғаушы күш – білім екеніне шүбәсіз сенімдімін. Сондықтан 2024 жылы менің қорымның бірнеше қызметкері өте маңызды оқуларға қатысты. AYALA Қоры NARXOZ Университетіндегі YEҰ мен қайырымдылық қорларына арналған EMBA бағдарламасының алғашқы тыңдаушылары мен түлектерінің қатарына енді. Оны білім беру жобаларының үйлестірушісі Элина Шедид магистрлік диссертациясын қорғай отырып, сәтті аяқтады. UMC дәрігер-хирургімен бірге біздің медициналық жобалардың үйлестірушісі Ксения Манджгаладзе Абу-Дабидегі Феталдық хирургия бойынша халықаралық конгреске қатысты. Онда алынған білім «Феталдық

хирургия» жобасын табысты іске асыруға көмектесті. Коммуникация жөніндегі вице-президент Наталья Еськова әлеуметтік бастамаларды іске асыруда ірі бизнестің қажеттіліктерін тереңірек түсіну үшін ESG бойынша тереңдетілген оқытудан өтті.

Жыл соңында **AYALA қоры Air Astana компаниясының ESG Awards марапаттау рәсіміне қатысты.** ESG Awards бірінші рет компания серіктестеріне ESG - экология, әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқару қағидаттарын іске асыруға қосқан үлесі үшін берілді. **AYALA қайырымдылық қоры қайырымдылық саласындағы көп жылдық жемісті ынтымақтастығы үшін Air Astana компаниясынан ESG Award алды.** Серіктестер ынтымақтастықтың ұзақ мерзімділігі мен сенімділігін, компанияның корпоративтік мақсаттарын қолдауын, икемділік пен бастамашылықты, сондай-ақ ESG-қағидаттарын ұстануды қоса алғанда, бірқатар негізгі критерийлер бойынша бағаланды.

Сонымен қатар, **қазан айында біздің қор ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті жанындағы УЕҰ кеңесінің құрамына кірді** және «Қайырымдылық туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу бойынша Мәдениет және ақпарат министрлігінің жұмыс тобының құрамына белсенді қатысады.

Алда бізді және әріптестерімізді жаңа сын-қатерлер күтіп тұр. 2025 жылы біз халықаралық сарапшы-практиктерді тарта отырып, неонаталдық офтальмологиядағы ретинопатияның күрделі түрлерін диагностикалау мен хирургиялық емдеуді жетілдіру мүмкіндіктерін

кеңейтуге, феталдық хирургияны одан әрі дамытуға, неонатологтар мен УДЗ мамандарына арналған біздің білім беру жобаларымызға, Қазақстандағы әрбір отбасына балалар денсаулығын сақтау мүмкіндігінің сенімділігін сезінуге көмектесетін «Өмір сыйлайық» жобасын дамытуға назар аударамыз. Біздің ірі серіктестеріміз - SAMSUNG Kazakhstan және CUMMINS Kazakhstan компанияларымен бірге жаңа кәсіптік бағдарлау жобаларын іске асыруға қуаныштымыз.

Ірі бизнес пен қоғам тарапынан қайырымдылық ұйымдарының бұдан да ашық болуы туралы сауалға жауап бере отырып, **AYALA қоры** өзінің күнделікті қызметінің басты басшылық қағидаты ретінде **Этикалық ережелер мен нормаларды енгізу жөнінде жұмыс істейтін болады.**

Мен қайырымдылық жарналары балалар үшін салауатты және бақытты болашақ туралы армандарымызды жүзеге асыруға көмектескен барлық серіктестеріміздің, барлық отандастарымыздың сенімі мен қолдауы үшін алғысымды білдіремін. Әрбір құтқарылған өмір, қиын сәтте көмек алған әрбір отбасы, мүгедектіктен құтылған әрбір бала - бұл біздің ортақ жетістігіміз.

Біз адамдарды жақсылыққа, жүйелі өзгерістерге, Қазақстанның барлық балаларының дені сау және болашағы жарқын болуын қамтамасыз етуге одан әрі шабыттандыруды армандаймыз.

Құрметпен және ризашылықпен,
Айдан Сүлейменова
AYALA қайырымдылық қорының негізін қалаушы және президенті

AYALA ҚОРЫ ТУРАЛЫ

AYALA қорының миссиясы – Қазақстандағы қайырымдылық дәстүрі мен мәдениетін тәрбиелеу.

Қордың басты мақсаты – бала өлімі мен туғаннан бастап мүгедектігін азайтуда мемлекетке көмек көрсету.

Қор Қазақстан Республикасының барлық қалалары мен өңірлерінде жұмыс істейді.



2024 жылы қордың қайырымдылық жобалары іске асырылған негізгі қалалар мен өңірлер:

- Алматы
- Астана
- Шымкент
- Абай облысы
- Шығыс Қазақстан облысы
- Қостанай облысы
- Атырау облысы
- Ақтөбе облысы
- Түркістан облысы
- Маңғыстау облысы
- Қарағанды облысы
- Ақмола облысы
- Жетісу облысы
- Ұлытау облысы
- Жамбыл облысы
- Павлодар облысы

2024 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН БАСТЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

- «Су тасқынынан зардап шеккендерге көмек»
- «Әлемді көремін»
- «Феталдық хирургия»
- «1 күн клиникасы»
- «Өмір сыйлайық»
- «AYALA академиясы»
- «Ана өлімін төмендету»
- «Кәсіптік бағдарлау»

ayala
қамқорлық күші
сила заботы

ҚОРЫНЫҢ КОМАНДАСЫ



Айдан Сүлейменова
негізін қалаушы және президент



Нұргүл Ибраева
қаржы жөніндегі вице-президент



Наталья Еськова
коммуникациялар жөніндегі вице-президент



Әйгерім Жақсылықова
SMM менеджер



Ксения Манджгаладзе
медициналық жобалардың үйлестірушісі



Элина Шедид
білім беру жобаларының үйлестірушісі



Артём Радайкин
жобаларды үйлестіруші



Аяла Алимова
жобалардың ассистенті



Әйгерім Доскеева
жобалардың ассистенті



Зарина Ргаева
бухгалтер



Жібек Жұмашева
заңгер

2 050 000 000 ₸

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, БІЛІМ БЕРУ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ЖОБАЛАРҒА ЖӘНЕ СЕЛДЕН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ БАҒЫТТАЛДЫ.

2022–2024 жылдар аралығында **«Әлемді көремін»** жобасы аясында **>11000** астам жаңа туған нәресте офтальмологиялық скринингтен өтті.

«AYALA Академиясы» жобасы аясында **2700+** медицина мамандары конференциялар мен мастер-кластарда оқудан өтті.

133 балаға дер кезінде жасалған лазерлік операциялардың арқасында көз көру қабілеті сақталып қалды.

Атырау облысында туған сәбилердің ретинопатиясы салдарынан көз жанарынан айырылған бірде-бір бала тіркелмеді.

«Феталдық хирургия» жобасы аясында **35** құрсақішілік операция жасалды.

Феталдық операциялардың арқасында **>30** бала сау болып дүниеге келді.

Алматыдағы 1 -көз микрохирургия бөлімшесі ерте витрэктомиялық операциялар үшін Constellation Vision лазерлік хирургиялық жүйесімен жабдықталған.

>24 млн ₸

Қордың «Өмір сыйлайық» жобасы аясында туабітті мүгедектіктің алдын алу мақсатында қаражат бағытталды.

Қостанай облысындағы селден зардап шеккен **78** отбасы облыс орталығында жаңа пәтерлерге қоныс аударды.

Қостанай облысының Алтынсарин кентінде **70** бала мектеп жабдықтарымен қамтамасыз етілді, сыныптар техникалық құралдармен жабдықталды.

Қазақстанның 11 облысындағы шоққа қарсы киімнің **350** үлгісі ауылдық және жедел жәрдем қызметтеріне жеткізілді.

Шала туған сәбилердің ретинопатиясын ерте анықтау үшін Ақтөбе, Атырау, **4** Алматы және Ақтауға ретиналды камера жеткізілді.

ҚОРДЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАРЫ МЕН БАСТАМАЛАРЫ

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕГІ КӨМЕК

Жобаның мақсаты - су тасқынынан зардап шеккен Қостанай облысының тұрғындарына пәтерлер, тұрмыстық техника мен кеңсе заттарын табыстау.

Жобаны іске асыру кезеңі:
2024 жылғы наурыз-қыркүйек

Жобаның бюджеті: 1 526 989 363 ₸







benevity Tooba SAMSUNG GlobalGiving

2024 жылдың көктемінде Қазақстан теңдессіз ауқымдағы табиғи апатқа тап болды. Қардың көптігінен еліміздің бірнеше облысында ондаған мың үй толығымен немесе ішінара су астында қалды. Тұтас кенттер мен қалалардың аудандарын толығымен су басып қалды. Бұл су тасқыны Қазақстандағы соңғы 80 жылдағы ең ірі су тасқыны болды. Ол үш айға жуық созылды: наурыздың басынан мамырдың ортасына дейін.

6 сәуірде Тобыл өзенінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Арқалық, Тобыл және Қостанай қалаларының елді мекендерін су басу қаупі туындап, ТЖ режимі енгізілді. Мамыр айының жиырмасына қарай осы облыстың алты ауданында жергілікті ауқымдағы, оның ішінде Қостанайдың өзінде табиғи сипаттағы ТЖ режимі сақталды. Су тасқыны кезінде 9 000 астам адам эвакуацияланды. 8000 жуық қостанайлық үйлеріне оралды. Баспанасыз қалғандар үшін пәтерлер сатып алынып, үйлер салынды.

Су тасқынынан зардап шеккен отбасыларға көмек көрсету AYALA қоры үшін ең ауқымды жобалардың біріне айналды. Қостанай облысында үйлері толық қираған 78 отбасы қысқа мерзім ішінде қазіргі заманғы пәтерлерге көшті. Бір пәтердің орташа құны 22 миллион теңгені құрады.

Бизнесмен және меценат Данияр Әбілғазин су тасқынынан зардап шеккен Қостанай облысының тұрғындарына 78 пәтер сатып алуға 1,5 млрд теңге бөлді.

Сонымен қатар, Данияр Әбілғазин мен AYALA қоры бөлінген қаражатқа жаңа үйлер салуға дайын болды. Бірақ су тасқынынан зардап шеккендерге тез арада су басқан үйлерден көшу қажет болды. Тұрғындар Қостанайда өздері таңдаған пәтерлерге көшуге ниет білдірді.

Қоныс тойын үйі толықтай суға кеткен Алтынсарин ауылының тұрғыны, көп балалы ана Әйгерім Мұсанова да атап өтті:

- Ыдыс-аяқ, жиһаз – бізде бәрін су алып кетті. Барлық жапсаржайлар су астында қалды. Осындай жағдайда көмек көрсеткен барлық адамдарға үлкен рахмет, - деді Әйгерім.
Мемлекет басшысының көктемгі қатты су тасқыны кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Данияр Әбілғазин алғашқылардың бірі болып президенттің бастамасын қолдап, қостанайлықтардың проблемаларын шешуге атсалысты. AYALA қайырымдылық қоры ақша қаражатының операторы болды. Қор Қостанай облысының әкімдігімен өңірдің зардап шеккен тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге көмек көрсету жөнінде меморандум жасасты. Облыс орталығындағы көпқабатты үйлердің бірінде 78 отбасыға жаңа пәтер кілттері тапсырылды.

Қосымша, Benevity, GlobalGiving және TOOBA халықаралық краудфандингтік платформаларының арқасында, сондай-ақ SAMSUNG ELECTRONICS KAZAKHSTAN компаниясының қатысуымен Қостанай маңында орналасқан Алтынсарин кентіндегі орта мектепке қолдау көрсетілді. Әртүрлі елдердің жүздеген қамқор адамдарынан жиналған

қаражатқа осы мектепте оқитын 70 бала кеңсе керек-жарақтарын алды, ал спорт залда жаңа спорттық құрал-жабдықтар пайда болды. SAMSUNG бұл мектепті физика, математика, химия және әдебиет сабақтарына арналған сегіз интерактивті монитормен жабдықтауға көмектесті.

Бірнеше айдың ішінде үйінен айырылған ондаған отбасы жаңа баспанаға ие болып, өмірін қайта бастауға мүмкіндік алды. Балалар жаңартылған мектепке барды, ал ата-аналар болашаққа деген сенімге ие болды. AYALA қоры берген әрбір пәтер, Алтынсарин кентіндегі баланың әрбір күлкісі, тіпті ең ауыр сынақтар кезінде де, егер адамдар қамқорлық күшін біріктірсе, көмек пен қолдау табылатынын растайды.



ҚОРДЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАРЫ МЕН БАСТАМАЛАРЫ

ФЕТАЛДЫҚ ХИРУРГИЯ

Жобаның мақсаты – сәби өлімін және туылғаннан бастап мүгедектігін төмендету.

Жобаның басталуы: 2023 жыл

Жобаның жалпы бюджеті: 88 168 920 ₸

2024 жылғы жобаның бюджеті:
56 682 302 ₸



Chevron

GASENERGY

Қазақстан үшін феталдық хирургия – бұл ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бастамасымен және AYALA қайырымдылық қорының белсенді қолдауымен өз жұмысын 2024 жылы бастаған медицинаның мүлдем жаңа бағыты.

Қазақстанда құрсақішілік ота жасау 2024 жылдың жазында феталдық хирургиядағы халықаралық сарапшы-практиктердің қатысуымен шеберлік сыныптары аясында басталды. Бір жыл ішінде Алматыда Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында 46, Астанада UMC клиникасының «Ана мен бала орталығында» 35 ота жасалды.

«Менің қорым 17 жылдан бері тіпті ең күрделі хирургиялық араласуларды шет елдерде емес, елімізде жүргізу үшін жұмыс істеп келеді. Сондықтан феталдық хирургияны іске қосу



менің тәжірибемдегі ең шабыттандыратын жобалардың бірі болды. Мемлекетпен және дәрігерлермен бірге біз отандық медицинада нағыз серпіліс жасадық", - деп атап өтті AYALA қайырымдылық қорының негізін қалаушы және президенті Айдан Сүлейменова.

Өткен жылдың жазында дәрігерлер араласудың тек бір түрінен – көп ұрықты жүктілік кезінде ұрықтың өмірін сақтап қалуға мүмкіндік беретін қан тамырлары анастомозының лазерлік коагуляциясынан бастады. Бірақ бірте-бірте үздік феталдық хирургтердің оқуынан өтіп, **олар тағы да бірнеше феталдық оталарды енгізді: амниоредукция, амниоинфузия, везикоамниалды шунттау, егіз болғанда кіндіктің лазерлік коагуляциясы.** Осы құрсақішілік араласулардың арқасында **33 ана өздерінің жаңа туған балаларын қолына алды** және 29-дан астам жүктілік табысты жалғасуда. Нағыз ғажайыптың біріне жүгіну үшін





Атырау мен Шымкенттен, Павлодар мен Оралдан, Семей мен Қызылордадан келген болашақ аналар Астана мен Алматыдағы дәрігерлерге көрінуде.

«Біз феталдық хирургияның мүмкіндіктерін бұрыннан білетінбіз және оның Қазақстанда да қолжетімді болуын армандадық. Сондықтан, 2023 жылдың басында AYALA қоры біздің орталықта инновациялық жобаны іске қосу туралы ұсыныс жасағанда, менде бірінші ой феталдық медицина болды... Бұл жобаға Денсаулық сақтау министрлігі мен Алматы қаласының әкімдігі үлкен қолдау көрсетті: бізге осындай оталар жасауға рұқсат берілді, соның арқасында олар еліміздегі кез келген жүкті әйелге қолжетімді болды. Бұл жоба мені де, дәрігерлерімізді де шабыттандырды, сондықтан бәрі де ынтамен болды», - деді Алматы қаласының Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының директоры Гүлнара Нұрланова.



2023 жыл бойы және 2024 жылдың жартысында AYALA қайырымдылық қоры мен Астана мен Алматыдағы екі медициналық орталықтың дәрігерлері феталдық медицинаның ерекшеліктерін зерттеуге арнады. Қор болашақ феталдық хирургтердің феталдық медицина бойынша ірі халықаралық конгрестерге қатысуын ұйымдастырды, 7 дәрігерді шетелде практикалық оқуға жіберді, «Шеврон» компаниясының қолдауына ие болды және Қазақстанда жетекші халықаралық практиктердің қатысуымен 10 практикалық шеберлік сынибын өткізді. Ең бастысы, екі **феталдық медицина орталығын серіктес GASENERGY АЖҚС желісінің қолдауымен барлық қажетті жабдықтармен жарақтандырды.**





2024 жылдың маусымынан 2025 жылдың маусымына дейін тек Алматыда ғана 46 ота сәтті жасалды. Олардың арасында – 16 фето-феталдық синдромды түзету, 22 амниоредукция, амниоинфузия, шунттау жүргізілді.

Бұл жобадағы ең үлкен қиындық хирургиялық жабдықты іздеу болды - оны Қазақстанға ешкім әкелген де, сатқан да жоқ. AYALA қайырымдылық қоры бұл міндетті өз мойнына алды. Дәрігерлер пациенттер тарапынан сенімсіздікті еңсеруге мәжбүр болды. Қазір жағдай өзгерді: Денсаулық сақтау министрлігі жүкті әйелдерді феталдық отаға екі орталыққа - Алматыдағы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығына, Астанадағы UMC клиникасының «Ана мен бала орталығына» жіберу бағытын белгіліп қойды.
Елордада алғашқы феталдық ота фето-феталдық трансфузиялық синдромы бар атыраулық пациентке жасалды. Дәрігерлер бұл араласуды сәтті өткізді: қазір бірнеше айға толған ұл дүниеге келді. Бұл осы клиниканың ұрық медицинасы бөлімшесінің барлық командасы үшін маңызды оқиға болды.


Елордада бір жыл ішінде плацента тамырларының лазерлік коагуляциясынан бастап, құрсақішілік донорлық қан құюға дейін **35 феталдық ота жасалды.** Феталдық хирургияның арқасында 6 сәби дүниеге келді, тағы бірнеше әйел жүктілікті табысты жалғастыруда. «Ана мен бала орталығы» командасы диафрагмалық жарықтар мен зәр шығару жүйесінің туа біткен ақаулары кезінде жаңа оталар жасауды меңгеруге дайын.

«AYALA қайырымдылық қорының қолдауы Қазақстандағы феталдық медицинаны дамытудың түбегейлі катализаторына айналды», - деп атап өтті UMC «Ұрық медицинасы» бағдарламасының меңгерушісі доктор Гүлмира Мағзұмова.

Денсаулық сақтау министрлігі үшін бұл жоба отандық медицинаға әлемдік озық тәжірибелерді жылдам енгізудің үлгісі болды.

«Бірінші жыл ішінде біз жақында ғана армандай көрінген нәрсені істедік. Қазақстан тарихында алғаш рет феталдық операциялар шындыққа айналды және халықаралық стандарттар бойынша қазіргі заманғы жабдықтарда жүргізіледі. Қазірдің өзінде алғашқы оң нәтижелер бар - осы оталардың арқасында тууға және денсаулығын сақтауға мүмкіндік алған балалар. Бұл бізді алға жылжуға шабыттандыратын басты жетістік», - **деп санайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Аналар денсаулығын сақтау басқармасының басшысы Шәкизат Халықова.**

Денсаулық сақтау министрлігі алдағы жылдары жоғары технологиялы медициналық көмек тек Астана мен Алматыда ғана емес, өңірлерде де жасалатын операциялар спектрін кеңейтуді және феталық хирургия орталықтарының желісін құруды мақсат етіп отыр.



Феталдық хирургия Қазақстанның жүздеген отбасылары үшін үміт символына айналды. Бүгінде бірнеше жыл бұрын баласынан айырылып қалудан қорқып өмір сүрген әйелдер дені сау балаға өмір сыйлауға мүмкіндік алады. Әрбір сәтті ота - дәрігерлердің, мемлекеттің, бизнестің және қайырымдылық қорының күш-жігері біріктірілгенде мүмкін емес нәрсенің мүмкін болатынын растайтын кішкентай ғажайып. Мұндай жобалар қазақстандық медицинаның дамуына зор үлес қосып қана қоймайды, олар дені сау бала тууға барған сайын көп технологиялар мен мүмкіндіктер пайда болатын болашақты өзгертеді.



ҚОРДЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАРЫ МЕН БАСТАМАЛАРЫ

ӘЛЕМДІ КӨРЕМІН

Жобаның мақсаты – балалардың туылғаннан бастап мүгедектігін төмендету

Жобаны іске асыру кезеңі:
2021 жылдан бастап

Жобаның жалпы бюджеті: 554 265 010 ₸

2024 жылғы жобаның бюджеті:
201 296 963 ₸



Chevron

ТЕНІЗШЕВРОЙЛ

HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

LUX

ALMATY MARATHON

ORICA

Tooba

benevity

KZF Service

ЖОБА НӘТИЖЕЛЕРІ


Қазақстандағы офтальмологиялық көмек дамуы



4 РЕТИНАЛДЫ КАМЕРА



ОФТАЛЬМОЛОГИЯЛЫҚ ЛАЗЕР



CONSTELLATION VISION ХИРУРГИЯЛЫҚ ЛАЗЕРЛІК ҚОНДЫРҒЫСЫ

ҮНДІСТАН МЕН ҚАЗАҚСТАНДА ДӘРІГЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ



ОФТАЛЬМОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАР ЖИЫНТЫҒЫ




3 ОФТАЛЬМОСКОП



74 ҚҰТЫ «ЛУЦЕНТИС» ПРЕПАРАТЫ

ШАЛА ТУҒАН НӘРЕСТЕЛЕРДІҢ РЕТИНОПАТИЯСЫН ДИАГНОСТИКАЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

AYALA қайырымдылық қоры «Әлемді көремін» жобасын үш жылдан бері жүзеге асырып келеді. Осы уақыт ішінде қор қазақстандық офтальмолог дәрігерлерге Қазақстанның 22 перинаталдық және ғылыми орталықтарында 11 мыңнан астам шала туған сәбилерді диагностикалауға көмектесіп, оларды 158 диагностикалық және лазерлік жабдықтармен, «Луцентис» препаратының 31 құтысымен қамтамасыз етті. AYALA қорының жабдықтарында ретинопатия бойынша тәуекел санатындағы шала туған балалардың 100% скринингпен қамтамасыз етілді, ал Қазақстан ауқымында ретинопатия салдарынан көру бойынша мүгедектік 0,6 пайызға дейін төмендеген.



Шала туған нәрестелерде ретинопатия өте тез жүреді. Сырқаттың күрт дамитын түрлерінде **дәрігерде көз торына лазерлік коагуляция жүргізу үшін 24 сағаттан 72 сағатқа дейін уақыт болады.** Өкінішке қарай, дәл осындай түрлері Қазақстанда кеңінен таралған. AYALA қайырымдылық қорының еліміздің мемлекеттік перинаталдық орталықтарына беретін жабдығы дәрігерлерге осы патологияны алғашқы диагностикалауға және лазерлік хирургиялық оталарды жүргізуге көмектеседі.





2024 жылы AYALA қоры **Қазақстанның 7 қаласындағы: Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Шымкент, Семей, Өскемен қалаларындағы** перинаталдық орталықтарды офтальмологиялық жабдықпен және «Луцентис» препаратымен жарақтандыра отырып, «Әлемді көремін» жобасын дамытуды жалғастырды.

AYALA қоры беретін **FORUS NEO** ретиналды камерасы тіпті реанимация жағдайында да және жаңа туған нәрестені ӨЖЖ аппаратына қосқан кезде де баланы диагностикалауға мүмкіндік береді – басқа аппараттарда мұндай мүмкіндік жоқ. Камераны пайдалану оңай және кішкентай пациенттердің диагностикасы туралы барлық ақпаратты сақтай отырып, ноутбукпен біріктіріледі.



Ақпан айында серіктесіміз - «Industry Lux» компаниясымен бірге **оңтүстік астананың Денсаулық сақтау басқармасымен ынтымақтастық туралы меморандум аясында Алматы қаласының Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы ретиналды камерамен** жабдықталды. Күзде Қазақстанда краудфандингтік арналар - Kaspi QR, Halyk QR арқылы, біздің құрметті серіктестеріміздің желісіндегі бокстар арқылы жиналған қаражатқа осы орталықтың неонаталдық офтальмология бөліміне **заманауи лазерді бере алдық.** Бұл медициналық орталықта жыл сайын 8200-ден астам жаңа туған нәресте дүниеге келеді, **оның ішінде дене салмағы 500-ден 1500 грамға дейінгі өте төмен 800 шала туған нәресте бар.** Бұл орталықтың неонаталдық офтальмологына жылдам және дәл диагноз қоюға көмектесті, ал лазерлік қондырғы шала туған нәрестелерді оңтүстік астананың басқа медициналық орталықтарына жеткізу қажеттілігінсіз жедел көз торын дәл және сапалы емдеуге мүмкіндік берді. Осының арқасында бұл медициналық орталықта дүниеге келген **жүздеген бала** өткен жылы **көру қабілеті бойынша мүгедектіктен құтылды.**

Мамыр айында Halyk Bank қолдауымен жаңа ретиналды камера Ақтөбедегі Облыстық перинаталдық орталыққа берілді. Осы **перинаталдық орталықтың директоры Гүлшат Темірбаеваның** айтуынша, жыл сайын Ақтөбе облысында 20 мыңға жуық бала дүниеге келеді, оның ішінде мерзімінен **бұрын туған 450-ден астам сәби ретинопатия бойынша қауіп-қатер тобына түседі.** Олардың барлығы Облыстық перинаталдық орталықта дүниеге келеді. Орталықтың неонаталдық офтальмологына жаңа туған нәрестелердің көздерінің ретинопатиясы және басқа да патологиялары бойынша ерте скрининг жүргізуге және оларды көздің көруі бойынша мүгедектіктен уақытылы құтқаруға мүмкіндік берді. Ретиналды камераны бергенге дейін неонаталды офтальмолог маңдай офтальмоскопымен тексеру жүргізді. Ретиналды камера диагностикада дәлірек болуға ғана емес, сондай-ақ лаптоп экранында ата-аналарға көз торының зақымдану аймағын көрсетуге және отадан кейінгі прогресті бақылауға мүмкіндік берді. Түсірілімдер түрлі-түсті, анық, сондықтан көз торындағы өзгерістер өте жақсы көрінеді.

2022 және 2023 жылдары AYALA қоры осы перинаталдық орталыққа офтальмологиялық лазер мен тікелей емес офтальмоскоп берді. Енді ретиналды камерамен бірге офтальмолог дәрігерде жаңа туған нәрестелерді соқырлықтан құтқаруға арналған медициналық жабдықтардың толық жиынтығы бар.



Halyk

AYALA қоры краудфандингтен жиналған қаржыға неонаталдық офтальмолог кабинетіне арналған медициналық техниканы берген тағы бір перинаталдық орталық **Ақтау қаласындағы Облыстық перинаталдық орталық болды. Kaspi QR, Halyk QR** арқылы, Qazaq Oil және GASENERGY ЖҚС желілеріндегі, Qaganat кафелеріндегі, Mamma Mia отбасылық мейрамханаларындағы және Қазақстанның басқа да нүктелеріндегі бокстардағы **әрбір теңгені** AYALA қоры осы орталыққа 2024 жылдың жазында ретиналды камераны беру үшін бірнеше ай бойы жинады. Еліміздің басқа да орталықтарындағы сияқты **ол Маңғыстау облысындағы шала туған балалардың ретинопатиядан мүгедектік жағдайларын нөлге дейін азайтуға мүмкіндік берді.**

«Атырау облысында біз Облыстық перинаталдық орталықтың дәрігер-офтальмологымен бірге мақтанатын нәтижеге қол жеткіздік. 2024 жылы онда шала туған балалардың соқырлық жағдайы тіркелген жоқ. Бұл – дәрігерлердің ұжымдық жұмысының және қордың серіктесі "Теңізшевройл" компаниясының біздің ортақ күш-жігерімізге баға жетпес қолдау көрсетуінің нәтижесі», - **дейді Айдан Сүлейменова.**



«Шала туған нәрестелердің ретинопатиясы орталығы» Атырау қаласының Облыстық перинаталдық орталығында 2024 жылдың ақпанында жұмыс істей бастады. Жыл сайын бұл медициналық орталыққа жүктіліктің күрделенген ағымымен облыстың түкпір-түкпірінен мыңдаған болашақ аналар келеді. Облыстың шалғай аудан орталықтарынан санитарлық авиация арқылы тасымалданатын пациенттерді қоса алғанда, барлық мерзімінен бұрын босанулар осы жерде қабылданады.

«Біздің орталықта жылына 9600 бала дүниеге келеді, олардың мыңға жуығы – дене салмағы өте төмен шала туған нәрестелер. Олар үшін ерте офтальмологиялық скрининг өткізу – көру қабілеті бойынша мүгедектіктен қорғауға кепілдік береді. Көз торы жүктіліктің соңғы апталарында қалыптасады, сондықтан ретинопатия – бұл шала туған нәрестелердің көру бойынша жиі кездесетін патологиясы. Біз «Теңізшевройл» компаниясына біздің Ретинопатия орталығын заманауи ретиналды камерамен және офтальмологтың жұмысына қажетті басқа да диагностикалық құралдармен жабдықтауға көмектескені үшін алғыс айтамыз.

Енді бізде жаңа туған нәрестелерге тез әрі дәл диагностика жүргізу және туылғаннан кейінгі алғашқы апталарда олардың көзін құтқару үшін барлық жағдай жасалған», - деп атап өтті Атырау қаласындағы Облыстық перинаталдық орталықтың директоры Қазбек Айжарықұлы Ермағамбетов.



Шығыс Қазақстан облысында жаңа туған нәрестелерді диагностикалауды жақсарту үшін AYALA қоры **«ORICA-Қазақстан» компаниясымен** бірге **маңдай офтальмоскопы** мен офтальмологиялық құралдар жиынтығын Өскемен қаласының «Ана мен бала орталығының» неонаталдық офтальмологына тапсырды. Орталықта қызметкерлерімен бірге компанияның бас менеджері Хосе Луис Алонсо Бергада болды. Дәрігерлер серіктес өкілдеріне офтальмоскоптың көмегімен тіпті шала туған нәрестелерде де ерте офтальмологиялық скринингті қалай жүргізуге болатынын көрсетті. Олар сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысының ең кішкентай тұрғындарының өмірі қандай жағдайда құтқарылатынын көрсету үшін неонаталдық реанимация бойынша экскурсия өткізді.

Семейде маңдай офтальмоскопы мен «Луцентис» препараты **«Шығыстүстімет» компаниясымен бірге берілді.** Ол облыстық перинаталдық орталықтың неонаталдық офтальмологына жаңа туған нәрестелерді алғашқы диагностикалауға көмектеседі.







«Луцентис» препараты бүкіл әлемде ретинопатияны емдеуде табысты қолданылады. Ол шала туған балаларды лазерлік оталарға дайындауға көмектеседі. Жекелеген жағдайларда оның инъекциялары жетіспейтін қан тамырларының көз торында өсуіне жеткілікті, бұл хирургиялық араласуды жасамауға мүмкіндік береді. 2024 жылы **8 391 100 теңге Benevity және ТООВА краудфандингтік платформалары арқылы жиналды.** Бұл қаражат қорға препаратты Алматы, Өскемен және Ақтөбе қалаларының перинаталдық орталықтарына беруге мүмкіндік берді. Атырауда дәрігерлер **KZF Service компаниясының қолдауымен** осы препаратты пайдалана алды.

ЖАҚСЫ ІСТЕР ҮШІН ЖҮГІРУ

Жыл соңында AYALA қоры **Қазақстандағы ең ірі спорттық іс-шарамен - Almaty Marathon-мен ынтымақтастық туралы келісімге** қол қойды. «Бірінші болу батылдығы» корпоративтік қорының ең ауқымды жүгіру шарасы 2024 жылы 62 елден 15 000 астам жүгірушілерді біріктірді. Жыл сайын әр марафоннан кейін бастапқы жарналар қаражатының бір бөлігі қайырымдылыққа жұмсалады. Қатысушылардың және корпоративтік клиенттердің қосымша жарналарының арқасында **рекордтық 79 миллион теңге жинауға** қол жеткізілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 миллионға артық. Бұл «Бірінші болу батылдығы» корпоративтік қорының жаңа ауқымды қайырымдылық стратегиясын іске асыруымен тұспа-тұс келді.

«Біз спорт ұлттың денсаулығы мен жалпы дамуының қуатты құралы болып саналатынына сенімдіміз. Жаңа стратегия проблемалардың негізгі себептерін жоюға көмектесетін жүйелі шешімдер жасауға шоғырландырылған. Бұл шынымен де өмірді жақсы жаққа қарай өзгерте алатын неғұрлым терең және ұзақ мерзімді өзгерістерге жасалған қадам», - **деді «Бірінші болу батылдығы» корпоративтік қорының атқарушы директоры Салтанат Қазыбаева.**



Бұл жаңа тұжырымдаманың алғашқы серіктесі AYALA қайырымдылық қоры болды. Алынған қолдау қаражаты Шымкент пен Түркістан облысында - Қазақстанда туу көрсеткіші ең жоғары өңірлерде нәресте мүгедектігі деңгейін төмендетуге бағытталды. «Әлемді көремін» жобасы аясында біздің қор Шымкенттің «Қалалық перинаталдық орталығына» ретиналды камераны тапсырды. Бұл қала Қазақстандағы туу бойынша көшбасшылардың үштігіне кіреді. 10-15 жыл ішінде бұл камерада 24 000 баланы тексеру жоспарланған.

«2024 жылдың желтоқсанынан 2025 жылдың мамырына дейін біздің орталықта **150 нәресте** тексерілді, **соның ішінде 20 балада шала туған нәресте ретинопатиясы анықталды.** Ретинопатиясы бар барлық балалар осы камерадағы ерте диагностиканың және жүргізілген емнің арқасында көру қабілетін сақтап қалды. Жыл сайын біздің орталықта 8000-ге жуық бала дүниеге келеді, енді олардың барлығы үйге шыққанға дейін көз скринингінен өтіп, қажет болған жағдайда уақытылы медициналық көмек ала алады», - **деді Шымкенттегі Қалалық перинаталдық орталықтың бас дәрігері Гүлбану Сыздықова.**



БАЛАЛАР ОФТАЛЬМОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚАДАМ

Соңғы 10 жылда Қазақстанда неонаталдық офтальмологияда елеулі прогреске қол жеткізілді: ерте диагностика хаттамалары енгізілді, 40-тан астам офтальмолог оқытылды, өңіраралық командалар құрылды. Алайда, таяу уақытқа дейін ондаған қазақстандық отбасылар қажетті хирургиялық көмек алу үшін балаларын шетелге - Түркияға, Үндістанға, Ресейге апаруына тура келді. Тек соңғы екі жылда **ғана 160-тан астам балаға шетелде ота жасалды:** Алматыда ерте витрэктомия сияқты күрделі араласулар жасалған жоқ. Енді бұл оталарға қажетті нәрсенің барлығы Алматы Балалар жедел медициналық жәрдем орталығында бар.

Осы орталықтың көз микрохирургиясы бөлімінде 2024 жылдың қарашасында күрделі витреоретиналды патологияларды хирургиялық емдеуді бастау басталды. Бұл үшін **«Шеврон» компаниясының қолдауымен** бөлімше **Constellation Vision заманауи лазерлік хирургиялық жүйесімен жарақтандырылды,** күрделі офтальмологиялық оталарға маманданған **шетелдегі орталықта 3 офтальмолог-хирург даярланды.**



Витреоретиналды хирургия көз ортының және шыны тәрізді дене ауруларының ауыр түрлері кезіндегі оталармен байланысты. Бұл көз хирургиясының ең күрделі саласы және бүкіл әлемде белсенді дамып келе жатқан **заманауи медицинаның ең жоғары технологиялық бағыттарының біріне жатады.**

Соңғы онжылдықта Қазақстанда түрлі жастағы балаларда көз торы мен шыны тәрізді дене патологиясының өсуі байқалды. Сондықтан Балалар жедел медициналық көмек орталығындағы көз микрохирургиясы бөлімшесі жұмысының жетекші бағыттарының бірі **шала туған нәрестелердің ретинопатиясына,** отбасылық экссудативтік витреоретинопатияға, Коатс ретинитіне және көздің басқа да ауыр ауруларына байланысты **оталар болады.**

«Шеврон» компаниясы Қазақстандағы балалар офтальмологиясының озық қызметтерін дамытуды мақтан тұтады. Медициналық мекемелерді жабдықтай отырып және мамандандырылған офтальмологтарды оқыта отырып, біз көздің күрделі патологиялары бар балаларды отанымызда жоғары сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етуге көмектесеміз. Бұл бастама біздің медициналық көмекке қолжетімділікті жақсартуға және қазақстандықтарды емдеу сапасын жақсартуға бейілділігімізді көрсетеді», - **деп түсінік берді «Шеврон» компаниясының Еуразиялық бөлімшесінің корпоративтік байланыстар жөніндегі директоры Еркін Зікібаев.**



Орталықта орнатылған Constellation Vision жүйесі – бұл озық офтальмологиялық хирургиялық қондырғы, ол тәжірибелі дәрігерлердің қолында тіпті ең кішкентай пациенттердің де көру қабілетін қалпына келтіре алады. Сондықтан 2025 жылы Алматы қаласының Балалар жедел медициналық көмек орталығының көз микрохирургиясы бөлімшесінде 2 айдан асқан балалар Делиде балалар витреоретиналды хирургиясы бойынша әлемге танымал профессор Нихил Палдан арнайы оқытудан өткен офтальмолог-хирургтер бригадасында қажетті хирургиялық емдеуден өте алады.

«2024 жылдың қаңтарынан қазанына дейін 57 қазақстандық бала ата-аналарымен бірге витреоретиналды ота жасау үшін шетелге, Үндістанға және Ресейге баруға мәжбүр болды. Жобаның іске қосылуы **ата-аналар үшін осындай оталарды шетелде жасатуға қаражат іздеу қажеттілігін жойды, мен мұны басты нәтиже деп санаймын", - деп атап өтті AYALA қайырымдылық қорының негізін қалаушы және президенті Айдан Сүлейменова.**

Дәрігерлерге пациенттерді отаға дайындауға көмектесу үшін қор микрохирургия бөлімшесіне арнайы маңдай офтальмоскопын берді, ол **2024 жылы Kaspi Bank арқылы келіп түскен онлайн қайырымдылық жарнасына сатып алынды.**

3 жыл ішінде «Әлемді көремін» **Қазақстанда неонаталдық офтальмологиялық қызметті басынан бастап іске қосқан жоба болды.** Еліміздің әрбір ірі қаласында қазір шала туған балаларды емдеуде жоғары біліктілікке ие офтальмолог дәрігерлер бар. Сондықтан шала туған нәрестелердің ретинопатиясы мүгедектікке үкім болып қалмайды: өмірінің алғашқы күндерінде және айларында көру қабілетінен айырылуы мүмкін болған балалар дұрыс және жылдам медициналық көмек алады және әлемді өз көздерімен көре алады. Себебі, көз ауруларының ең ауыр түрлерін диагностикалау мен емдеу үшін дәрігерлерде барлық қажетті жабдықтар бар. Бұл ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, AYALA қайырымдылық қорының, неонаталдық офтальмологтардың, серіктес компаниялардың және осы жобаны қолдаған жүздеген мың адамның бірлескен күш-жігерінің тамаша нәтижесі.



ҚОРДЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАРЫ МЕН БАСТАМАЛАРЫ

1 КҮН КЛИНИКАСЫ

Жобаның мақсаты – балалардың туылғаннан бастап мүгедектігін төмендету

Жобаны іске асыруды бастау: 2023 жыл

Жобаның жалпы бюджеті: 174 676 772 ₸

2024 жылғы жобаның бюджеті:
79 541 284 ₸



Chevron

ALMATY MARATHON

Жыл сайын Қазақстанда туа біткен және тұқым қуалайтын аурулармен ауыратын 3500-ге жуық бала дүниеге келеді, ал 100 мыңнан астам баланың мүгедектігі бар, бұл 2010 жылдың деңгейінен екі есе артық. Мүгедектік деңгейін төмендету үшін Денсаулық сақтау министрлігі «1 күн клиникасы» - ұрықтың туа біткен кемістіктерін тереңдетілген генетикалық диагностикалау бойынша инновациялық жобаға бастама жасады.

Алматыдағы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында AYALA қайырымдылық қоры пилоттық жобаны 2024 жылы «Шеврон» компаниясымен бірге сәтті жүзеге асырды. Бір жыл ішінде Fetal Medicine Foundation пренаталдық диагностикасы бойынша жетекші еуропалық ұйымның алгоритмі бойынша иммунохимиялық талдағышта және қуатты микроскопта 3295 талдау өңделді. Хромосомалық патологияға жоғары қауіп-қатер 150 әйелде анықталды, оның ішінде туа біткен даму кемістігі (ТДК) бар расталған жүктілік 40 пациентте болды.




FISH хромосомдық аномалияларды диагностикалаудың қолданылатын әдісі – бұл бүкіл әлемде танылған «алтын стандарт». Ол қысқа уақыт ішінде Даун, Эдвардс, Патау синдромының болуы мәселесін қысқа уақыт ішінде шешуге және жүктілікті одан әрі жүргізу тактикасы туралы негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Пилоттық кезеңнің нәтижелерінен шабыт алып, «1 күн клиникасы» жобасын іске асыруға **Almaty Marathon атынан өкілдік ететін «Бірінші болу батылдығы» корпоративтік қоры қолдау көрсетіп, оны іске асыруға 79 541 284 теңге бағыттады.** 2024 жылдың соңында 2025 жылдың бірінші жартысында N° 2 облыстық перинаталдық орталыққа беру үшін FISH әдістемесі бойынша зерттеулер жүргізуге арналған микроскоп пен арнайы зертханалық жабдық сатып алынды. 15 жыл ішінде ол өңірде 30 000-ға дейін жүкті әйелді ұрықтың туа біткен даму кемістіктеріне дәл диагностикамен қамтуға көмектеседі. Бұл еліміздегі туу көрсеткіші ең жоғары Түркістан облысында туылғаннан бастап мүгедектік жағдайларының санын 40%-ға азайтады деп күтілуде.

«Біз клиникалар толық көлемде жұмыс істей бастаған жерлерде балалардың мүгедектігі мен нәресте өлімі көрсеткіштерінің төмендегенін көріп отырмыз. Бұл жобаның тиімділігін растайды», - **дейді м.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бас штаттан тыс генетигі Гүлшара Әбілдинова.**



Денсаулық сақтау министрлігі жаппай репродуктивті скрининг бойынша үлкен жұмыс жүргізуде. Оны ерлі-зайыптылар, жас отбасылар, ересек ерлер мен әйелдер **МӘМС есебінен мүлдем тегін** өте алады. AYALA қоры медициналық орталықтарға беретін микроскоп және биохимиялық талдағыш – **әлемдік деңгейдегі зерттеу жабдығы.** Кәдімгі зертханалық микроскоптар мен талдағыштарға қарағанда, бұл аспаптар хромосомалардың санын есептеп қана қоймай, олардың құрылымын, құрылысын және тіпті бір хромосоманың басқа хромосомалармен алмасу жағдайларын да көруге мүмкіндік береді. Бұл генетиктерге күрделі зерттеулерді бір күнде жүргізуге мүмкіндік береді, өйткені уақыт дұрыс клиникалық шешім қабылдау үшін ерекше маңызды.



ҚОРДЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАРЫ МЕН БАСТАМАЛАРЫ

AYALA АКАДЕМИЯСЫ

Жобаның мақсаты – дәрігер неонатологтардың, реаниматологтардың, анестезиологтардың, ортопедтердің, УДЗ дәрігерлерінің, неонаталдық офтальмологтардың, акушер-гинекологтардың, акушерлердің, неонаталдық медбикелердің біліктілігін арттыруға көмектесу.

Жобаны іске асыру кезеңі:
2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін.

2024 жылғы жобаның бюджеті: 53 250 060 ₸



Үміт Шаяхметова, Halyk Bank арқылы және Kasli Bank арқылы жеке тұлғалардың онлайн-қайырмалдықтары.


UNIVERSITY MEDICAL CENTER
NAZARBAYEV UNIVERSITY
School of Medicine
Министерство Здравоохранения Республики Казахстан
World Health Organization
European Region
NAZARBAYEV UNIVERSITY
SCHOOL OF MEDICINE
UMC
UNIVERSITY Medical Center
MAMMA MIA GROUP
Технический партнер
MedMedia
«АЯЛЫ АЛАҚАН»
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АКУШЕРЛІК ІС МАМАНДАРЫНЫҢ
I МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОНГРЕСС
СПЕЦИАЛИСТОВ АКУШЕРСКОГО ДЕЛА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

AYALA қайырымдылық қоры 14 жыл бойы Қазақстанның балалар ауруханалары, перинаталдық орталықтары мен перзентхана бөлімшелері дәрігерлерінің, акушерлері мен медбикелерінің біліктілігін арттыруды жүйелі түрде қолдап келеді. Біз мамандардың білімі мен тәжірибесі нәрестелердің өмірін құтқарудың және ана мен нәресте өлімін азайтудың басты құралына айналатынына, күн сайын жүздеген нәрестелердің мүгедектіктен құтылуына көмектесетініне сенеміз.

«AYALA академиясы» жобасы аясында қор курстарды, білім беру семинарларын және ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастырады, сондай-ақ төртінші жыл бойы Қазақстанның және басқа да елдердің жетекші практиктерінің бейне сабақтары бар Қазақстандағы алғашқы тегін онлайн-платформаны дамытып келеді. Мұнда әртүрлі мамандықтағы неонатолог дәрігерлер, перзентханалар мен перинаталдық орталықтардың акушерлері мен медбикелері өзекті білімді тегін ала алады, жетекші сарапшылардан оқып, жұмыста жаңа әдістемелерді бірден қолдана алады. Осы жоба аясында дәрігерлерді оқытудың әр сағаты ақпаратты мыңдаған сәбилердің өмір сүруіне мүмкіндік береді. Әрбір жаңа білім немесе дәрігердің жаңа дағдысы - бұл Қазақстан балаларының дені сау болып тууына тағы бір қадам.

ayala
қамқорлық күші
сила заботы

AYALA ОНЛАЙН-АКАДЕМИЯСЫ

Жетекші қазақстандық және халықаралық практик-дәрігерлердің қазақ және орыс тілдеріндегі тегін бейне-курстары бар платформа қор 2021 жылғы ақпаннан бастап дамытып келеді. 2024 жылы платформада ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен AYALA қоры ұйымдастырған 2 конференцияның материалдары жарияланды:

«ҚР акушерлік іс мамандарының «Аялы алақан» халықаралық конгресі»

Өткізу орны – Астана қаласы, 2024 жылғы 11-12 сәуір.


Спикерлері Швециядан, Австралиядан, Латвиядан, Беларусьтан, Литвадан, Ресейден, Қырғызстан мен Қазақстаннан.

- 17 дәріс, 8 сынақ бірлігімен 4 шеберлік сыныбы жарияланды.
- 113 акушер тіркелді, 28 дәрігер сертификат алды.

«Жаңа туған пациенттерге ең жақсы күтім – негізге оралу»

Өткізу орны - Алматы қаласы, 2024 жылғы 25-26 қыркүйек. Спикерлері АҚШ-тан, Франциядан, Швециядан, Литвадан, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Польша мен Қазақстаннан

- 10 сынақ бірлігімен 31 дәріс жарияланды.
- 497 дәрігер тіркелді, 80 дәрігер сертификат алды.



Сонымен қатар, 2024 жылы **«Әлемді көремін» жобасын қолдау мақсатында** платформада Қазақстанның Алматы қаласындағы Перинаталдық орталықтың жоғары санатты офтальмолог дәрігері, медицина ғылымдарының кандидаты Әсел Үсенбайқызы Шарипованың **«Шала туған нәрестелердің ретинопатиясы»** атты неонаталдық офтальмологтарға арналған бейне-курсы орналастырылды. Тестілеуден өту үшін материалдармен сүйемелденетін 6 дәріс, 3 бейне-нұсқаулық орналастырылды, бұлар нәтижесінде тыңдаушыларға 8 сынақ бірлігін береді. Курсты өту үшін 131 дәрігер тіркелді, 100 дәрігер сертификат алды.

Балашиха перзентханасының (Ресей) анестезиолог-реаниматолог дәрігері, жаңа туған және шала туған балалар патологиясы бөлімінің меңгерушісі Денис Валерьевич Аксеновтың неонатологтарға арналған **«Жаңа туған нәрестелердің сарғаюы» курсы** да 2024 жылы жазылып, платформаға жүктелді. Оған 17 дәріс кіреді, олар тестілеуді сәтті тапсырғаннан кейін 16 сынақ бірлігімен аяқтайды.

• Бұл курста 373 дәрігер тіркелген, олардың 172-сі сертификат алды.



Жобаның 4 жылындағы нәтижелері:

• **2 793** бірегей пайдаланушы тіркелді
• **1 063** сертификат берілді
• **10 курс** тестілерімен бірге жүктелді
• **3 бейінді конференция** материалдарымен бірге ашық қолжетімді

КОНФЕРЕНЦИЯЛАР МЕН ШЕБЕРЛІК СЫНЫПТАРЫ



2024 жылы AYALA қайырымдылық қоры ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен, халықаралық қатысумен екі үлкен медициналық конференция өткізді және Алматыда жетекші акушер-гинекологтар мен неонатологтардың басын қосқан «Ана мен бала» конференциясына спикер ретінде қатысты.

Астанада 11 және 12 сәуірде **акушерлік іс мамандарының «Аялы алақан» I халықаралық конгресі өтті.** Оған әлемнің сегіз елінен - Қазақстаннан, Швециядан, Австралиядан, Латвиядан, Беларусьтан, Литвадан, Ресейден, Қырғызстаннан 250-ден астам медицина жұмыскері қатысты. Акушерлік – барлық елдерде әйелдердің, сәбилер мен отбасылардың өмір сүруі, денсаулығы мен амандығы үшін негізгі құрамдас бөлік. БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарының 17-сінің алтауында акушерлердің елеулі ықпалының атап өтілуі кездейсоқ емес: олар денсаулық пен амандықты қамтамасыз етуге үлес қосады, ана мен баланы тамақтандыру мәселелерімен айналысады, әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді, қоғамдық институттарды құруға және қолдауға, бүкіл әлемде әлеуетті арттыруға үлес қосады. Қазақстан үшін акушерлік практиканы одан әрі дамыту ана мен бала өлім-жітімінің деңгейін төмендетуді қоса алғанда, көптеген өзекті міндеттерді шешумен байланысты, бұл ретте 2007 жылдан бастап мемлекетке AYALA қайырымдылық қоры белсенді көмек көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі **Ақмарал Шәріпбайқызы Әлназарова: «Іс-қимыл жасайтын – акушерлерді дайындауға қаражат салатын және өмірінің ең маңызды сәттерінің бірінде көмек пен қолдауға мұқтаж әрбір әйелге мүмкіндік беретін уақыт келді. Әйелдер мен жаңа туған нәрестелерге босану процесінде қауіпсіз және тиімді көмек көрсету үшін қажетті білімдердің, дағдылар мен құзыреттердің болуы акушерлік кадрларды даярлау сапасына тікелей байланысты. Акушерлік көмек жүйесіне инвестициялар әрбір жүктілік қалаулы және әрбір босану қауіпсіз әлемді қалыптастыруға тағы бір қадам жасауға мүмкіндік береді!».**

Екі күн бойы I Халықаралық акушерлер конгресінің қазақстандық және халықаралық спикерлері алғашқы медициналық-санитарлық көмек моделінде акушерлік қызмет көрсетудің негізгі тәсілдері туралы тәжірибелерімен бөлісті, нақты деректермен жұмыс істеу акушерлік практикада қалай көмектесетінін айтты, ғылыми негізделген акушерлік тәжірибедегі негізгі жайттар туралы әңгімелесті, Еуропалық одақ елдерінің мысалында ауылдық жерлерден қалаға дейінгі акушерлік қызметтердің тиімді модельдерін талқылады, перинаталдық шығындарды сүйемелдеудегі акушерлердің рөлі, олардың босандыру ұйымдарындағы инфекциялық бақылауға әсері және жұмыстың басқа да маңызды кәсіби аспектілері туралы мәселелерді көтерді.



25 және 26 қыркүйекте Алматыда **АҚШ-тан, Франциядан, Швециядан, Литвадан, Өзбекстаннан, Қырғызстан мен Польшадан келген жүздеген неонатологтар** қазақстандық әріптестерімен бірге елімізде алғаш рет өткізілген және жаңа туған және шала туған балаларға медициналық көмек көрсету сапасын жақсартуға, сондай-ақ **Орталық Азияда неонаталдық өлім-жітім көрсеткіштерін одан әрі төмендетуге бағытталған ғылыми-практикалық конференцияда** кездесті.

Бұл форумда түрлі елдердің жетекші мамандары неонатология саласындағы негізгі мәселелерді, соның ішінде алтын сағатта жаңа туған нәрестені алғашқы реанимациялаудағы үздік тәжірибелерді, шала туған және ауру нәрестелерді қолдау үшін арнайы тамақ қолдануды, респираторлық қолдауға халықаралық тәсілдерді, жаңа туған нәрестелердің инфекцияларымен күресті, қатерлілігі жоғары жүктілік кезінде жүргізудің прогрессивті тактикасын және басқа да өзекті тақырыптарды талқылады.

ҚР штаттан тыс бас неонатологы және Қазақстан акушер-гинекологтары мен неонатологтары конгресінің президенті **Бектұрған Карин** бұл конференцияны өткізу бүкіл Орталық Азия өңірінде неонаталдық өлім-жітімді азайтуға елеулі үлес қосты және неонатология мен перинатологиядағы халықаралық және өңірлік көшбасшылармен ынтымақтастықты одан әрі өнімді етуге көмектесті деп санайды.

«Қазақстандағы неонаталдық қызмет перинаталдық орталықтардың, перзентханалардың мыңдаған дәрігерлері мен медбикелерін біріктіреді, олар медициналық көмектің сапасын жақсарту үшін үнемі жұмыс істейді. Сапа бірінші кезекте дәрігерлердің де, орта медициналық қызметкерлердің де біліміне, тәжірибесі мен дағдыларына байланысты. Сондықтан жетекші халықаралық практиктердің қатысуымен конференциялар өткізу – елдегі неонатологияны дамыту үшін өте маңызды. Біз көптеген жылдар бойы білім беру бастамаларымызға қолдау көрсеткені үшін AYALA қайырымдылық қорына ризашылығымызды білдіреміз», - **деп атап өтті Бектұрған Қарин.**



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

AYALA қайырымдылық қоры Пусан ұлттық университетінің госпиталімен 2016 жылдан бері ынтымақтастық жасап келеді. Жеті жыл бойы жыл сайын Алматы мен Астанаға дәрігерлер делегациялары ортопедиялық патологиялар, әйелдерге гинекологиялық аурулар және онкология бойынша тегін кеңес беру үшін келді.

Осы уақыт ішінде Қазақстанда оңтүстік кореялық дәрігерлермен тәжірибе алмасу бойынша 16 практикалық шеберлік сыныбы өткізілді. 700-ден астам бала тегін консультация алды, Астана, Алматы, Павлодар және Тараз қалаларынан 26 қазақстандық дәрігер Пусан қаласында тегін оқытылды және Пусан Ұлттық Университетінің Госпиталінде нейрохирургия, ортопедия, травматология, неонаталдық офтальмология бойынша үздік тәжірибелермен алмасты. Олар барлық білім мен тәжірибені қазақстандық ауруханаларда кішкентай пациенттерге көмектесу үшін табысты қолданады.

2024 жылы Қазақстанның екі дәрігерә Пусан Ұлттық Университетінің Госпиталінде екі апталық тегін тағылымдамадан өтті. Олар Алматы қаласының Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының балалар офтальмологы Сабина Асылбекқызы Смағұлова және Астана қаласының N° 2 қалалық балалар ауруханасының травматолог-ортопед дәрігері Олжас Қорғанбекұлы Байназаров. Оқу, тұру, ел ішінде жүріп-тұру және қонақтарды тамақтандыру бойынша барлық шығыстарды Госпиталь өз мойнына алды. AYALA қоры дәрігерлердің Оңтүстік Кореяға ұшып барып-келу ақысын төледі.




ТРАВМАТОЛОГИЯ ЖӘНЕ
ОРТОПЕДИЯ БӨЛІМІ

Сабина Асылбекқызы көздің артқы бөлігінің лазерлік хирургиясы және балалар нейроофтальмологиясы бойынша тағылымдамадан өтті: «Мен үшін бұл офтальмологиялық бейіндегі пациенттерді шетелдік әріптестермен емдеу мен қадағалаудың клиникалық тәжірибесімен алмасудың тамаша мүмкіндігі».

Олжас Қорғанбекұлы артроскопия, аяқ-қол деформациясы хирургиясы, күйіктер мен жарақаттардан кейінгі тыртықтарды жою бойынша тағылымдамадан өтті: «Профессор Ли Джон Соп пен профессор Ан Тэ Ёнгқа алғысымды білдіремін, олар диагностика және емдеу әдістері бойынша өз білімдерімен бөлісті. Мен үшін бұл тағылымдама ерекше орын алады. Қазақстанға қайтып келгенде, осында алған барлық білімді пациенттерді емдеу үшін пайдалануды жоспарлап отырмын».



Қазақстандық дәрігерлердің біліктілігін арттыру және тәжірибе алмасу аясында 2024 жылдың қазан айында Пусан ұлттық университетінің Госпиталінің дәрігерлер бригадасы Алматыға келді. Делегация құрамында - біздің қордың амбассадоры, профессор Ли Джон Соппен бірге гинеколог дәрігерлер мен балалар ортопедтері болды. Биыл профессор Ли мен ортопед дәрігерлер Өтеген батыр кентіндегі Алматы облыстық балалар ауруханасының ортопедия бөлімшесінде балаларды тегін қарады. Алматы қаласының Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында дәрігер-гинекологтар пациенттерді тексеріп, шеберлік сыныптарын өткізді.

ҚОРДЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАРЫ МЕН БАСТАМАЛАРЫ

ӨМІР СЫЙЛАЙЫҚ

Жобаның мақсаты – Қазақстанның көпсалалы ауруханаларының перинаталдық орталықтары мен перинаталдық бөлімшелерін жаңа туған балалардың өмірі мен функционалдық денсаулығын сақтау үшін реанимациялық және диагностикалық жабдықтармен жабдықтау.

Жобаны іске асыру кезеңі: 2007 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін.

Жобаның жалпы бюджет: > 2,5 млрд ₸

2024 жылғы жобаның бюджеті: 24 050 000 ₸

GlobalGiving

INPEX

PTC HOLDING

MAMMA MIA GROUP

DSF Deliver Sustainable Future

Tooba

қор бокстары арқылы қайырымдылық жарналары

Қор жұмысының алғашқы күндерінен бастап біз шетелде емес, Қазақстанның өзінде балалардың өмірі мен функционалдық денсаулығын сақтау үшін күш-жігерімізді жұмсап келеміз. Бұл үшін біздің қор ірі серіктестерден және жеке қайырымдылық жарналары арқылы «Өмір сыйлайық» жобасына қаражат жинауды ұйымдастырады, оған балалар ауруханалары, перзентханалар мен перинаталдық орталықтар үшін заманауи медициналық жабдықтар сатып алады.

2007 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде қор бүкіл ел бойынша 2,4 миллиард теңгеден астам сомаға 67 реанимациялық бөлімшені, жаңа туған нәрестелердің қарқынды терапия бөлімшелерін жарақтандырды. Қордың медициналық жабдықтармен көмегі тек Қазақстанның мемлекеттік медициналық мекемелерінен жазбаша түрде алынған қажеттіліктерді мұқият пысықтағаннан кейін ғана беріледі. Бұл нақты атаулы көмекке кепілдік береді.

Біз жабдықты білікті жеткізушілер арқылы сатып алып, оның жеткізілуін, орнатылуын және қосылуын толық бақылаймыз. Егер жабдық бірінші рет берілсе, дәрігерлерді оқытып-үйрету қамтамасыз етіледі. Біздің медициналық жобаларымыздың серіктестеріне егжей-тегжейлі қаржылық есеп беріледі. Медициналық жабдықтарды беру әрқашан республикалық және өңірлік БАҚ-та жария етіледі, қор сайтында және әлеуметтік желілердегі беттерде жарияланады.

2024 жылы жиналған қаражатқа біз жаңа туған нәрестелердің сарғаюын тез диагностикалау және уытты түрін емдеу үшін **3 билирубинометр мен 6 фототерапия шамын, сондай-ақ 3 феталдық мониторды** сатып әпердік. Бұл жабдықты Алматыдағы 2 қалалық перинаталдық орталық пен Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы, Атыраудағы облыстық перинаталдық орталық, Түркістан облысындағы N° 3 облыстық перинаталдық орталық, Ақтөбе облыстық перинаталдық орталығы, Астана қаласындағы N° 2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасы, Түркістан қаласындағы Облыстық балалар ауруханасы, Шымкент қалалық балалар ауруханасы алды.

«Қор құрылғаннан бері біз еліміздің барлық дерлік акушерлік мекемелеріне 140-қа жуық фототерапевтік шамдарды тапсырдық. Бұл құралдар он мыңдаған балаларды мүгедектіктен және денсаулығының күрделі проблемаларынан құтқаруға көмектесті», **- деді AYALA қайырымдылық қорының негізін қалаушы және президенті Айдан Сүлейменова.** – Біз өзіміздің құрметті серіктестерімізбен бірге Қазақстанның салауатты болашағына жыл сайын елеулі үлес қосатынымызға қуаныштымыз».







Жаңа туған нәрестелердің сарғаюы ауыр асқынуларға: құрысуға, сал ауруына және тіпті мүгедектікке әкеп соқтырады. Билирубинометрлер баладағы билирубин деңгейін тері арқылы тез және ауыртпалықсыз өлшеуге мүмкіндік береді. Диагноз неғұрлым ерте қойылса, соғұрлым тез сауығу ықтималдығы жоғары болады.

Фототерапия жалғыз дәрі-дәрмексіз және толық қауіпсіз емдеу әдісі, бұл кезде шамдардың көк жарығы нәрестенің қанындағы уытты билирубинді бұзады. Тиімділік үшін рәсім бірнеше сағат бойы үздіксіз болуы тиіс. Сондықтан фототерапия шамдары әрдайым сұранысқа ие.

«Біздің орталықта күн сайын 25 сәби дүниеге келеді. Мерзіміне жетіп туған балаларда сарғаю әдетте үшінші күні, шала туған балаларда бесінші немесе алтыншы күні пайда болады. Көптеген жағдайларда ол өз бетінше өтеді. Бірақ өмірге қауіпті уытты түрлері бар. Дәл осы билирубинометрлер оларды физиологиялық сарғаюдан ажыратуға мүмкіндік береді. INPEX-тің қолдауының арқасында біз барлық жаңа туған нәрестелерді уақытылы диагностикалау мен емдеуді қамтамасыз ете аламыз», - **деп атап өтті Атырау қаласы ОПО директоры Қазбек Ермағамбетов.**



Әрбір билирубинометр және әрбір фототерапия шамы жүздеген нәрестелерге туғаннан бастап мүгедектікке әкелетін ауыр асқынулардан құтылуға көмектеседі. Қазіргі заманғы Fetus K4 феталдық мониторлары баланың жүрек соғысын, ана ішіндегі қозғалысын, босанғанға дейін және босану кезінде бақылауға және дәрігерлерге уақтылы көмек көрсетуге мүмкіндік бере отырып, асқынулардың алдын алуға көмектеседі. Дәрігерлерге «Өмір сыйлайық» жобасы аясында серіктестерімізбен бірге жаңа медициналық аппараттарды бере отырып, біз күн сайын жүздеген отбасыға дені сау және бақытты балаларды тәрбиелеуге мүмкіндік береміз.







«Денсаулық сақтауды қолдау – ИНПЕКС Норт Каспиан Си, ЛТД. әлеуметтік жауапкершілігінің маңызды бағыты. Перинаталдық орталықты заманауи жабдықтармен жабдықтау - бұл компания өз қызметін жүргізетін өңірдің ең кішкентай тұрғындарының денсаулығы мен әл-ауқатына салынатын инвестиция», - **деп атап өтті ИНПЕКС Норт Каспиан Си, ЛТД. Қазақстан Республикасындағы филиалының директоры Шоджиро Сето.**





ҚОРДЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАРЫ МЕН БАСТАМАЛАРЫ

АНА ӨЛІМІН АЗАЙТУ

Бастаманың мақсаты – Қазақстанның перзентханалары мен перинаталдық орталықтарын босану кезінде ана өлімін болдырмайтын медициналық бұйымдармен және жабдықтармен жабдықтау.

Жобаны іске асыру кезеңі: 2024 - 2025 жылдар.

2024 жылғы жобаның бюджеті: 16 790 691 ₸



CASPIAN OFFSHORE CONSTRUCTION · VILED · DSF Deliver Sustainable Future · Газпромнефть Сеть АЗС · PTC HOLDING · MAMMA MIA GROUP · ST REGIS · AD Artistane Design · ALSTOM · KAINAR · THE RITZ-CARLTON

«Б.И.Г. Флоринг», Ernst&Young қызметкерлері

Қазақстан Республикасында тұңғыш рет Денсаулық сақтау министрлігінің бастамасымен AYALA қайырымдылық қоры ана өлімін азайту үшін пневматикалық емес шокқа қарсы костюмдерді (ПШК) беру жобасын іске асыруды бастады. Жобаны іске асыру кезеңінде қор барлық перзентханалар мен жедел жәрдем станцияларының қажеттіліктерін қанағаттандыратын 350 бірлік киім сатып алып, беретін болады.

ДДҰ деректері бойынша қан кету бүкіл әлемде ана өлімінің басты себебі болып табылады, оның ішінде 75%-ға жуығы босанғаннан кейінгі қан кетуге тиесілі. Алдын алу және емдеу мүмкіндіктеріне қарамастан, босанғаннан кейінгі қан кету жыл сайын әйелдер үшін әлемдегі барлық қиын жағдайлардың шамамен 7000 немесе 25%-ның себебі болып табылады.

Әлемде жинақталған үлкен дәлелдеу базасы ана өлімін азайтуда пневматикалық емес ПШК-ны пайдаланудың тиімділігін айғақтайды. Бұл киім жатырға қан кетуді азайтады және қаны кеткен әйелдің өмірін 48 сағатқа дейін сақтай алады.



ҚР ДСМ жүкті, босанған және жаңа босанған әйелдерге медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту үшін республикалық ғылыми орталықтар мен ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамынан құралған жұмыс тобымен бірлесіп «Босанғаннан кейінгі қан кету» диагностикасы мен емдеудің клиникалық хаттамасы өзекті етілді. Оған босанғаннан кейінгі қан кету кезінде әйелдердің жағдайын тұрақтандыру үшін қолданылатын алғашқы медициналық көмек көрсетудің жаңа әдісі - пневматикалық емес шокқа қарсы әдіс енгізілді.

Пневматикалық емес шокқа қарсы киім - бұл босанғаннан кейінгі тұрақты қан кетуді шектейтін қымбат емес алғашқы көмек. Бұл бастапқыда ғарышкерлердің экстремалдық екпін кезінде есін жоғалтпауы үшін қолдары мен аяқтарының қысылуы арқасында қанды басына қарай итеретін АҚШ-тың Аэронавтика және ғарыш кеңістігін зерттеу жөніндегі ұлттық басқармасының (НАСА) технологияларын пайдалану арқылы әзірленген компрессиялық костюм. Бұл технология пневматикалық емес шокқа қарсы киімді әзірлеуде де қолданылған: әйел денесінің төменгі бөлігіне босанғаннан кейінгі акушерлік қан кетулер кезінде қан жоғалтуды азайтып және біртіндеп тоқтатып, қанды жоғары қарай бағыттайтын сыртқы қысым қолданылады.

Бір пневматикалық емес шокқа қарсы костюм 100 ретке дейін қолданылуы мүмкін, өйткені ол барлық қажетті дезинфекциялық өңдеулерге өте төзімді. Бұл жақын арадағы 5-10 жыл ішінде босанатын бірнеше мың әйелдің өмірін кепілді қамтуды және сақтауды қамтамасыз етеді.

2024 жылы әріптестердің қолдауымен AYALA қоры 298 ПШК сатып әперілді. Профессор Гаури Биллихановна Бапаева инновациялық медициналық бұйымдарды қолдана отырып, акушерлік қан кетудің алдын алу бойынша 5 шеберлік сыныбын өткізді, оған 100-ден астам дәрігер қатысты. Қор пневматикалық емес шокқа қарсы костюмдерді беруді аяқтап, 2025 жылдың соңына дейін Қазақстанның барлық өңірлерінде оқыту жүргізуді жоспарлап отыр.

«Пневматикалық емес шокқа қарсы киімнің алғашқы көрсетілімі 2024 жылдың сәуірінде Астанада ҚР акушерлік іс мамандарының «Аялы алақан» I халықаралық конгресінде өтті. Ол дәрігерлердің назары мен қызығушылығын тудырды, себебі қолданылуы - қарапайым, ал нәтижесі өте жылдам. Біз осы жобаның өзектілігі мен маңыздылығын бізбен бірге түсінетін барлық серіктестерге ризашылығымызды білдіреміз. Біздің ортақ күш-жігеріміз Қазақстандағы жүздеген әйелдердің өмірін сақтап қалуға көмектеседі деп үміттенеміз», - **деп атап өтті AYALA қайырымдылық қорының негізін қалаушы және президенті Айдан Сүлейменова.**

ҚОРДЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАРЫ МЕН БАСТАМАЛАРЫ

КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ

Жобаның мақсаты – жасөспірімдерге оқуды жалғастыруға және мамандықты дамытуға және болашақта жұмыс табуға көмектесетін тәжірибелік дағдыларды игеруге көмектесу.

Жобаны іске асыру кезеңі:
2014 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін

2024 жылғы жобаның бюджеті: 144 354 512 ₸



SAMSUNG

Cummins

SGS

Herbalife

ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ 11 ЖЫЛЫ ІШІНДЕ:

- 22-ден астам курс ұйымдастырдық
- 24 кәсіптік бағдарлау шеберханасын жарақтандырдық
- бүкіл Қазақстан бойынша Samsung Innovation Campus үшін IT-жобаларды онлайн және елдің 5 қаласында офлайн іске асыруға көмектесеміз
- Samsung Innovation Campus үшін 2 хакатон өткізуге көмектестік
- Samsung компаниясына Қазақстан ауқымында Solve for Tomorrow мектеп стартаптарының жобасын іске асыруға көмектесеміз
- Жоғары сынып оқушылары мен студенттер үшін Samsung компаниясының IT-білімімен 1000-нан астам адам қамтылды



ШАБЫТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДАУ

2014 жылдан бастап «Кәсіптік бағдарлау» жобасы жасөспірімдерге практикалық дағдыларды, өзіне деген сенімділікті және білімі болашақ мамандыққа көпір бола алатынын түсінуге көмектеседі. Осы жылдар ішінде AYALA қоры 24 кәсіптік бағдарлау шеберханасын жарақтандырды, 22-ден астам курс өткізді және өз бетінше өмір сүру жолында жүздеген жасөспірімдерге қолдау көрсетті.

Жобада Samsung Electronics Kazakhstan компаниясымен серіктестік ерекше орын алады. AYALA қоры 7 жылдан бері осы компанияға мобильді қосымшалар мен «Samsung Innovation Campus» дата-талдауын әзірлеу үшін тегін мектепті дамытуға көмектеседі, төртінші жыл «Solve for Tomorrow» республикалық мектеп стартаптары конкурсын өткізуге белсенді қатысады. Бұл бағдарламалар мыңдаған оқушылар мен студенттерді қамтыды. Тек 2024 жылы 300-ден астам жасөспірім мобильді қосымшалар мен дата-талдауды әзірлеу бойынша тегін курстардан өткені туралы сертификаттар алды. Олардың көпшілігі әлемнің беделді университеттерінде оқиды немесе Қазақстанның жетекші финтех-компанияларында еңбек етуде.



Бүгінде мобильді қосымшалар мен цифрлық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналды. Атырау, Алматы, Астана, Талдықорған, Қостанай және Ақтөбе қалаларында тұратын жасөспірімдер оларды өз бетінше құруды үйренеді. **Samsung Innovation Campus тегін курстары 5 қалада Python және Big Data негіздерін игеруге, ал онлайн – Қазақстанның кез келген жерінен** тәжірибелі оқытушылардан тәжірибеден өтуге және жеке мобильді қосымшалар мен бағдарламаларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе болашақ программистер мен инженерлер үшін нағыз бастапқы алаңға айналуда.

Samsung Innovation Campus – бұл Samsung Electronics компаниясының әлеуметтік-білім беру бағдарламасы. Ол Оңтүстік Кореялық корпорация өкілдік ететін елдердің көпшілігінде жұмыс істейді және оның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі аясында өткізіледі. Жобаның басты мақсаты – балаларға ақпараттық технологиялар саласында тегін сапалы білім алуға мүмкіндік беру. Қазақстанда жоба 2017 жылдың желтоқсанында іске қосылды.



ayala

2024 жылы Solve for Tomorrow республикалық конкурсы қатысушылардың рекордтық санын жинады – **Қазақстанның барлық өңірлерінен 2500 астам оқушы** қатысты. Қатысушылардың алдында ғылымның, технологияның, инженерлік іс пен математиканың (STEM) көмегімен өткір әлеуметтік мәселенің шешімін табу міндеті тұрды. Мұқият іріктеуден кейін жартылай финалға 35 команда шықты. Менторлық сессиялардың қорытындысы бойынша финалға 10 команда шықты.

Финалға шыққан командалар мүгедектігі бар адамдарға көмектесетін, ауыл шаруашылығы мен экологиядағы міндеттерді шешетін жобаларды ұсынды.

• 1 орын мен 4 миллион теңгелік сыйлыққа BIL Astana лицей-интернатының командасы ие болды. **Жоғары сынып оқушылары даланы игеруге және мол өнім алуға көмектесетін роботты таныстырды.**
• 2 орын және 2,5 миллион теңге Алматы НЗМ оқушыларына мүгедектігі бар адамдарға жолдағы кедергілерді оңай еңсеруге мүмкіндік беретін «Jana Arba» жобасы үшін берілді.
• Тараз НЗМ-нің бірден екі командасы 3-орынды иеленіп, 1 миллион теңгеден алды. Біріншісі ақылды омартаны, екіншісі - **тілдің көмегімен түрлі техникалық құрылғыларды:** компьютерден мүгедектер креслосына дейін **басқаруға мүмкіндік беретін құрылғыны** таныстырды.



Solve for Tomorrow жай ғана конкурсқа айналған жоқ, бұл жоба Қазақстанда технология қоғамдағы оң өзгерістердің құралына айналатын талантты жасөспірімдер қауымдастығын құруға көмектесті.

ҚОЛМЕН ҰСТАУҒА БОЛАТЫН КӘСІПТЕР

Қарағандыда Cummins Kazakhstan қорының қолдауымен AYALA қоры ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар жасөспірімдерді қоса алғанда, Өмірлік қиын жағдайдағы балаларға арналған екі қолдау орталығының тәрбиеленушілеріне арналған кәсіптік бағдарлау курстарын ұйымдастырды.

ЕБҚ бар 27 бала 2021 жылы CUMMINS Kazakhstan компаниясы жабдықтаған шеберханада «Кондитерлік іс» және «Мейрамхана сервисі» бойынша білім алды. Олар күрделі тағамдарды әзірлеуді, үстелдерді әзірлеуді, тапсырыстармен жұмыс істеуді үйренді және соңында өткізілген оқу сағаттарын ескере отырып сертификаттар алды. AYALA қорының кәсіптік бағдарлау курстары оларға бейінді колледждерде оқуын жалғастыруға және өмірде өз орнын табуға көмектесетін нақты дағдыларды алуға мүмкіндік берді.

«Таңшолпан» балаларды қолдау орталығында 19 қыз бала «Тігін ісі» курсын меңгерді. 134 сағаттық сабақ барысында олар косметикалық сөмкелер мен алжапқыштардан бастап, шопперлерге дейін пішуді, тігуді және пайдалы заттар жасауды үйренді. Шебермен бірге қыздар тек практикалық шеберлікті ғана емес, сонымен қатар өз күштеріне деген сенімділікті де беретін кәсіпті біртіндеп меңгерді. Жобаның орнықтылығы үшін, олар жобаны серіктестер қаржыландырғаннан кейін жаңа балаларды оқытуды жалғастыру үшін оған осы орталықтың 3 педагогы қосылды.







Сонымен қатар, 2024 жылы Cummins Kazakhstan компаниясының арқасында Қарағанды қаласының № 3 арнайы мектеп-интернатында қазіргі заманғы аудио сынып жабдықталды – бұл Қазақстанда AYALA қорының қолдауымен ашылған төртіншісі. Ол есту қабілеті бұзылған балаларға толыққанды сөйлеу ортасында оқуға, материалды жақсы қабылдауға және мұғалімдермен және құрдастарымен өзара іс-қимыл жасауға көмектеседі.

Есепті жылы қор жаңа шабыттандыратын жобаны іске асыруға – Атырау қаласындағы № 43 орта мектепте заманауи химия сыныбын жабдықтауға кірісті. Жоба SGS компаниясының қолдауымен іске асырылуда және 2025 жылдың бірінші тоқсанында аяқталады. Мектеп оқушыларға жаратылыстану ғылымдарын оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашатын оқу жабдықтарына ие болады деп күтілуде.

2024 жылы бастама болып көтерілген, бірақ келесі жылдың бірінші жартысында іске асырылатын тағы бір жоба – Алматы облысының Өтеген батыр кентінде орналасқан «Солнышко» өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығында асхананы жаңа жабдықпен жаңарту. Жобаны HERBALIFE компаниясы қолдады.



2024 жылы «SOS Қазақстанның балалар ауылдары» корпоративтік қоры ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғауға және өмірлік қиын жағдайларға тап болған отбасыларды қолдауға бағытталған өз қызметінің 30 жылдығын атап өтті. Отыз жыл ішінде қор жүздеген балаға тек үйге ғана емес, махаббат, қамқорлық пен ертеңгі күнге деген сенімге де қол жеткізуге көмектесті. Тәрбиеленушілер ата-ана рөлін атқаратын тәрбиешілердің қамқорлығына толы жайлы үйлерде тұрады. Бұл модель балалардың сенімділік, дербестік және жауапкершілік сезімін қалыптастыра отырып, қоғамдағы өмірге жеңіл бейімделуіне көмектеседі. Мерейтойға орай AYALA қайырымдылық қорының негізін қалаушы және президенті Айдан Сүлейменова «SOS Теміртау балалар ауылы» отбасыларына 17 ноутбук сыйға тартты.

«Тиімді қайырымдылық – бұл жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан және айналамыздағы өмірді жақсы жаққа өзгертуге көмектесетін жобалар. Балалардың кәсіптік бағдар беру курстарында алған барлық білімдері - олардың болашақ дербес өміріне, оқудағы және мамандықтағы келесі қадамдарды жоспарлауға пайдалы дағдылар», - **деп атап өтті AYALA ҚФ негізін қалаушы және президенті Айдан Сүлейменова.**



ҚОРДЫҢ СЕРІКТЕСТЕРІНЕ АЛҒЫС

2024 жыл біздің құрметті серіктестерімізбен бірге және жүз мыңдаған қазақстандықтардың қолдауымен айналамыздағы әлемді жақсы жаққа қарай өзгертуге қабілетті екенімізді көрсетті. Іске асырылған әрбір әлеуметтік жоба, әрбір құтқарылған баланың өмірі және ата-ананың әрбір бақытты күлкісі, курстарды бітіргені және беделді халықаралық конкурстарда жеңіске жеткені туралы әрбір сертификат – осының бәрі сіздердің күш-жігерлеріңіздің, қолдауларыңыздың және AYALA қорына сенімдеріңіздің арқасында мүмкін болды.

Біз барлық серіктестерімізге – ірі бизнеске және шағын компанияларға, «Шеврон» және «Теңізшевройл» сияқты жаһандық мұнай алыптарына, Astra Zeneca секілді big-farma өкіліне, ірі SAMSUNG IT корпорациясының Қазақстандағы өкілдігіне, Halyk Bank-ке, «Бірінші болуға батылдығы» корпоративтік қорына және бірлескен әлеуметтік және қайырымдылық бастамаларды іске асыруды бізге сеніп тапсырылған ондаған қазақстандық ұйымдарға демеушілеріміз және бенефициарларымыз ретінде алғыс айтамыз. Сіздердің қатысуларыңыз жаңа медициналық практикаларды енгізуге, ауруханаларды заманауи жабдықтармен жарақтандыруға, дәрігерлерді оқытуға және балаларға бақытты болашаққа жол ашуға мүмкіндік берді.

Біз қазақстандықтарға және GlobalGiving, TOOBA, Benevity халықаралық краудфандингтік платформалары арқылы AYALA-ны қолдаған бүкіл әлем бойынша қордың достарына алғыс айтамыз.

«AYALA» қорына өз кеңселерінде және сату және қызмет көрсету орындарында қайырымдылық бокстарын қоюға мүмкіндік беретін барлық серіктестерімізге: Mamma Mia GROUP, QAGANAT, Qazaq Oil, GASENERGY, Code de Vie, Saks Fifth Avenue, 220 Volt, Астанадағы және Ақтөбедегі «Keruen» СОО, Атыраудағы «BAIZAAR» СОО, GALMART супермаркеттері, MonAmie парфюмерия дүкендерінің желісіне алғыс білдіреміз. Сіздердің біздің қайырымдылық бағдарламаларымызға деген сенімдеріңіз күн сайын мыңдаған қазақстандықтарға Қазақстандағы игі істердің үлкен тарихының бір бөлігіне айналуға мүмкіндік береді.

Біз жақсы жаққа қарай өзгерістің күші бірлікте туатынына сенімдіміз. AYALA қайырымдылық қорын қолдай отырып, сіздер Қазақстанның мыңдаған балаларына алғашқы қадамдарын жасауға, әлемді көруге және дені сау болуға, оқуға, дамуға, біздің еліміз үшін жақсы болашақ туралы армандарын жүзеге асыруға көмектесесіздер.

Бізге сеніп, қолдау көрсетіп, бала күтімі - әркімнің жүрегінде болатын елді бізбен бірге құрып жатқандарыңыз үшін рахмет!

Chevron

ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ

SAMSUNG

КОРПОРАТИВНЫЙ ФОНД

СМЕЛОСТЬ БЫТЬ ПЕРВЫМ!


ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА


MAMMA MIA
GROUP


Saks
Fifth
Avenue


QAĞANAT



SGS


GASENERGY


qazaq oil


СЕТЬ АЗС
ГАЗПРОМНЕФТЬ


AstraZeneca


CODE de VIE


220VOLT


Tooba


keruencity


galmart
СУПЕРМАРКЕТІ


benevity


GlobalGiving


САУДА ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
BAIZAAR
ТОРГОВО-РАЗВЛЕКАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР


MonAmie





















Качество продуктов,
Качество жизни








































Eurasian Bank


Kaspi.kz


ForteBank


Alatau
City
Bank


ALMATY
MARATHON


EY
Building a better
working world


Dräger


TALAN GALLERY


INPEX


Keçicik
Baby Goat



GELIKA
www.gelika.kz


Baxter


Тибетейка
чайхана


Enjoy
Service
Центр профессиональных переводов


BOBBI BROWN
B
MCMXCI
EST. 1991


air astana

AYALA

қамқорлық күші
сила заботы

ЖЕТІСТІКТЕР ТАРИХЫ, ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ПІКІРЛЕРІ, ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТҮСІНІКТЕМЕСІ

ФЕТАЛДЫҚ ХИРУРГИЯ

«Денсаулық сақтау министрлігі балалардың туылғаннан бастап мүгедектігін азайту жөніндегі міндетті басым міндет деп санайды. Феталдық хирургия бүкіл әлемде бұл үшін маңызды құралдардың бірі болып саналады. Біз 30 жыл ішінде феталдық оталар тәжірибесінде жинақталған үздік әлемдік тәжірибені талдадық. Бұл білімнің барлығы Қазақстанда алғаш рет әзірленген Феталдық хирургия стандарттарының негізіне айналды. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы (Алматы) мен UMC (Астана) дәрігерлерінің бригадалары Қазақстанда және шетелде феталдық хирургия бойынша ұзақ мерзімді күрделі теориялық және практикалық даярлықтан өтті. Сондықтан қазақстандық денсаулық сақтау саласы үшін бұл маңызды күн», - **деді ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова.**





«Бүгін тек біздің орталық үшін ғана емес, жалпы еліміз үшін айтулы күн. Қазақстанда алғаш рет Денсаулық сақтау министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі мен ҚДБ, сондай-ақ AYALA қайырымдылық қорының қолдауымен феталдық хирургияның революциялық жобасын енгізе бастадық. Феталдық хирургия – бұл ұрықтың өмірі мен денсаулығына ол туғанға дейін араласуға мүмкіндік беретін медицинаның инновациялық саласы. Бұл анаға дені сау бала тууға және бақытты ана болуға мүмкіндік береді. Біздің мамандар командасы Израиль, Ресей, Испания, Беларусь және Португалия сияқты елдерде оқудан өтіп, дайындық және жаңа технологияларды игеру бойынша үлкен жұмыс атқарды. Құрсақтағы кемістіктерді түзету бойынша оталардың саны жылына шамамен 150-ге жетеді деп жоспарлап отырмыз. Феталдық хирургия жобасы біздің орталықты дамытуда және еліміздің аналары мен балаларына медициналық көмек көрсету сапасын арттыруда жаңа кезең болмақ», - **деп атап өтті Алматы қаласының Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының директоры Гүлнара Нұрланова.**

«Бірінші жыл ішінде біз жақында ғана армандай болып көрінген нәрсені істедік. Қазақстан тарихында алғаш рет феталдқы оталар шындыққа айналды және халықаралық стандарттар бойынша қазіргі заманғы жабдықтарда жүргізіледі. Қазірдің өзінде алғашқы оң нәтижелер – осы оталардың арқасында тууға және денсаулығын сақтауға мүмкіндік алған балалар бар. Бұл бізді алға жылжуға шабыттандыратын басты жетістік», - **деп санайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Аналар денсаулығын сақтау басқармасының басшысы Шәкизат Халықова.**



ӘЛЕМДІ КӨРЕМІН

«Жыл сайын Ақтөбе облысында 20 мыңға жуық бала өмірге келіп, мерзімінен бұрын туған 450-ден астам сәби қауіп-қатер тобына түседі. Біздің орталыққа жаңа туған нәрестелердің көздерінің ретинопатиясы мен басқа да патологияларының ерте скринингін жүргізу үшін, әсіресе лазерлік хирургиялық операциялар жасау кезінде ретиналды камера қажет болды. Бұған дейін біз маңдай офтальмоскопымен тексеру жүргіздік. Жаңа жабдықтың көмегімен біз балалардың ата-аналарына көз торын көрсете аламыз, суреттер монитор экранына шығады, олар түрлі-түсті, анық, көз торындағы өзгерістер өте жақсы көрінеді», - **деп атап өтті Облыстық перинаталдық орталықтың неонатология жөніндегі директорының орынбасары Толқын Серғазина.**





«Біздің орталықта жыл сайын 9600 бала дүниеге келеді, олардың мыңға жуығы – дене салмағы өте төмен шала туған нәрестелер. Олар үшін ерте офтальмологиялық скрининг өткізу – көру қабілеті бойынша мүгедектіктен қорғауға кепілдік береді. Көз торы жүктіліктің соңғы апталарында қалыптасады, сондықтан ретинопатия - бұл шала туған нәрестелердің көру бойынша жиі кездесетін патологиясы. Біз «Теңізшевройл» компаниясына біздің Ретинопатия орталығын заманауи ретиналды камерамен және офтальмологтың жұмысына қажетті басқа да диагностикалық құралдармен жабдықтауға көмектескені үшін алғыс айтамыз. Енді бізде жаңа туған нәрестелерге тез әрі дәл диагностика жүргізу және туылғаннан кейінгі алғашқы апталарда олардың көзін құтқару үшін барлық жағдай жасалған», - **деп атап өтті Атырау қаласы Облыстық перинаталдық орталығының директоры Қазбек Айжарықұлы Ермағамбетов.**

«Шеврон» компаниясы Қазақстандағы балалар офтальмологиясының озық қызметтерін дамытуды мақтан тұтады. Медициналық мекемелерді жабдықтай отырып және мамандандырылған офтальмологтарды оқыта отырып, біз көздің күрделі патологиялары бар балаларды отанымызда жоғары сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етуге көмектесеміз. Бұл бастама біздің медициналық көмекке қолжетімділікті жақсартуға және қазақстандықтарды емдеу сапасын жақсартуға бейілділігімізді көрсетеді», - **деп түсінік берді "Шеврон" компаниясының Еуразиялық бөлімшесінің корпоративтік байланыстар жөніндегі директоры Еркін Зікібаев.**



«Жыл сайын мыңдаған Almaty Marathon атлеттері жүгіріп, еліміздегі жақсы өзгерістерге көмектесуде. Біздің жабдықтарымыз алғашқы күннен бастап жұмыс істеп келе жатқанына және дәрігерлерге кішкентай қазақстандықтардың, бәлкім, болашақ белсенді марафоншылардың денсаулығын сақтауға көмектесетініне қуаныштымыз. Сондай-ақ, ұлт денсаулығы балалар медицинасындағы жүйелі тәсілге байланысты деп есептейміз», - **деп атап өтті «Бірінші болу батылдығы» корпоративтік қорының атқарушы директоры Салтанат Қазыбаева.**



AYALA АКАДЕМИЯСЫ

«Халықаралық акушерлер конгресі үздік әлемдік тәжірибелерді жергілікті қажеттіліктермен біріктіру жолындағы маңызды қадамды білдіреді. Назарбаев Университетінің медицина мектебі акушерлік саласындағы кәсіби мамандар табысты дами алатын орта құруда ынтымақтасу мүмкіндігін мақтан тұтады. Халықаралық стандарттар мен зерттеулерді қоса алғанда, біз әрбір ана мен балаға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға ұмтыламыз. Бұл конгресс біздің денсаулық сақтау саласындағы білім беруді ілгерілетуге бейілділігімізді көрсетеді және барлық мүдделі тараптарға пайда әкелетін мультидисциплинарлық тәсілді қолдануға ықпал етеді», - **деді Назарбаев Университеті Медицина мектебінің вице-президенті және деканы доктор Массимо Пиньятелли.**



«Қазақстандағы неонаталдық қызмет перинаталдық орталықтардың, перзентханалардың мыңдаған дәрігерлері мен медбикелерін біріктіреді, олар медициналық көмектің сапасын жақсарту үшін үнемі жұмыс істейді. Сапа бірінші кезекте дәрігерлердің де, орта медициналық қызметкерлердің де біліміне, тәжірибесі мен дағдыларына байланысты. Сондықтан жетекші халықаралық практиктердің қатысуымен конференциялар өткізу – елдегі неонатологияны дамыту үшін өте маңызды. Көптеген жылдар бойы біздің білім беру бастамаларымызды қолдағаны үшін AYALA қайырымдылық қорына ризашылығымызды білдіреміз», - **деп атап өтті ҚР штаттан тыс бас неонатологы және Қазақстан акушер-гинекологтары мен неонатологтары конгресінің президенті Бектұрған Карин.**



КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ

«Біздің компания үшін корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жобалары – өңірлердегі қызметтің маңызды бағыттарының бірі. Біз Қарағанды облысында жұмыс істейміз және қиын өмірлік жағдайдағы балаларға көмек көрсетуге, ерекше білім беру мүмкіндіктері бар балаларды дамытуға және оқытуға қолдау көрсетуге қуаныштымыз. Біздің қызметкерлер кәсіби бағдар беру курстарына белсенді түрде қатысты: еріктілер ретінде келіп, балалармен шұғылданды, қалай дайындалатынын үйретті, оқудың қалай өтіп жатқанын тексерді. Қайырымдылық ісіне жеке қатысу – бұл біздің бүкіл ұжым мен компания жаһандық деңгейде қолдайтын құндылықтар», - **деді CUMMINS Қазақстан директоры Эль Акики Танус Михаэль.**

«Біздің кәсіптік бағдар беретін біліміміз толығымен тәжірибелік тұрғыдан жүргізіледі. Сондықтан да балалардың емтихандары олардың дағдыларын тексеру үшін қабылданады: олар кондитерлік өнімдерді дайындайды және безендіреді, үстелдерді әзірлеуде және тапсырыстармен жұмыс істеуде өз шеберліктерін көрсетеді. Білімін тексеруден сәтті өткен әрбір адам «Кәсіптік бағдарлау» жобасы шеңберінде курстардан өткені туралы сертификат алады. Сертификаттарда біз балалардың оқуда өткізген сағаттарының санын көрсетеміз: «Кондитерлік іс» құзыреті бойынша - 32 сағат, ал «Мейрамхана ісі» құзыреті бойынша - 25 сағат. Бұл сертификаттар біздің тәрбиеленушілерге болашақта қоғамдық тамақтану жүйесіне жұмысқа орналасуға көмектеседі деп үміттенеміз. Осындай пайдалы және қажетті оқытуды ұйымдастырғаны үшін CUMMINS Қазақстан компаниясы мен AYALA қайырымдылық қорына алғыс айтамыз», - **деп атап өтті Қарағанды облысының «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау орталығының» директоры Данекер Сәулебайқызы Сейсекина.**



«Менторлық сессия біз үшін нағыз жаңалық болды. Біз өз жобамызға басқаша қарап, оның несі дұрыс емес екенін түсіндік. Дизайн-ойлау құралдарының көмегімен Давид бізге қай бағытта қозғалатынымызды, жобаны қалай өміршең ететінімізді көрсетті. Конкурстың өзі бұл жерде сені жай ғана бағалап қоймай, толыққанды оқытатынымен маған ұнайды. Финалға шықпасақ та, болашақта бізге көмектесетін баға жетпес білім аламыз», - **деді Solve for Tomorrow қатысушысы және Шымкент қаласындағы ХББ Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушысы Алуа Шертаева.**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

АЛҒЫС ХАТ

**Дүниежүзілік үкіметтік емес ұйымдар күніне орай
және азаматтардың денсаулығын
жақсартуға қолдау көрсеткені үшін**

Айдан Төлеутайқызы Сүлейменовaға

ЖАРИЯЛАНАДЫ

**Құрметпен,
Министр** ***А. Әлназарова***

Астана қаласы, 2024 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

АЛҒЫС ХАТ

Құрметті
Сулейменова Айдан Төлеутайқызы!

КЕМЕЛДІ КЕЛЕШЕККЕ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМ БАСҚАН
ОТАНЫМЫЗДЫҢ ЖОҒАРЫ ТАЛАПТАРЫ ӘР АЗАМАТҚА
АУҚЫМДЫ ДА АСА ЖАУАПТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЙДІ.
ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАНЫТЫП, БАЛАЛАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ
ҚАМҚОРЛЫҒЫҢЫЗ БЕН ҚОЛДАУЫҢЫЗ ҮШІН
АЛҒЫСЫМДЫ БІЛДІРЕМІН.

СІЗДІҢ АТҚАРҒАН ИГІ ІСТЕРІҢІЗДІ ОТАН АЛДЫНДАҒЫ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІҢІЗ БЕН КӘСІБІҢІЗГЕ ДЕГЕН
АДАЛДЫҒЫҢЫЗ ДЕП БІЛЕМІН.
ДЕНІҢІЗГЕ САУЛЫҚ, ОТБАСЫҢЫЗҒА АМАНДЫҚ,
ҚЫЗМЕТІҢІЗГЕ ТАБЫС ТІЛЕЙМІН.
АЛҒА ҚОЙҒАН МАҚСАТТАРЫҢЫЗ ӘРҚАШАН АБЫРОЙМЕН
ОРЫНДАЛЫП, ХАЛЫҚТЫҢ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНЕ БЕРІҢІЗ.

ҚҰРМЕТПЕН,
ВИЦЕ-МИНИСТР **Е. ОСПАН**

АСТАНА ҚАЛАСЫ, 2024 ЖЫЛ

Алғыс хат

Құрметті Айдан Тұлеутаевна Сүлейменова!

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы дәрі-дәрмек және медициналық құрал жабдықтармен қамтамасыз ету, кадр дайындауға көмек көрсеткеніңіз үшін алғыс білдіремін!

Денінізге саулық отбасы бақытын тілеймін.

Құрметпен,

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қ.Абдалиев

Атырау қаласы, 2024 жыл



FlyArystan ESG AWARDS air astana

CERTIFICATE
of Recognition

THIS CERTIFICATE IS PRESENTED TO

AYALA CHARITY FOUNDATION

THIS CERTIFICATE IS AWARDED TO AYALA CHARITY FOUNDATION
IN RECOGNITION FOR

EXCEPTIONAL CONTRIBUTION TO CHARITY
THROUGH PRODUCTIVE COOPERATION

We are grateful for your unwavering dedication, professionalism and commitment.

PETER FOSTER
CEO

ALMATY 2024

Благодарственное Письмо

Уважаемая Айдан Тулетаевна!

КГП на ПХВ « Центр перинатологии и детской кардиохирургии» выражает глубокую благодарность Вам и Благотворительному фонду AYALA за огромный вклад в совершенствование и улучшение помощи матерям и детям, снижение младенческой заболеваемости и инвалидности.

Желаем Благотворительному фонду AYALA успехов и процветания. Надеемся на дальнейшее плодотворное сотрудничество .

С уважением,
директор

Г. Нурланова.

Алматы, 2024

Алғыс хат

КГУ «Центр поддержки детей с особыми образовательными потребностями» управления образования Карагандинской области от имени педагогов и детей выражает признательность благотворительному фонду **AYALA** в лице Президента

Сулейменовой Айдан Тулеутаевне

за оказанную поддержку в реализации проекта «Профилизация / социализация» для воспитанников нашего Центра.
Огромная благодарность за добрые дела и вклад в личностное развитие детей!
Желаем Вам процветания и дальнейших успехов.

С уважением дети и коллектив нашего дома,

Директор Д. Сейсекина

г.Астана, 2024 г.

СЕРТИФИКАТ

Фонд AYALA с проектом «Ретинопатия недоношенных детей» - лучший благотворительный проект

PR room



WWW.AYALA.KZ